## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 4. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

2014 және 2013 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін негізгі құралдардың қозғалысы былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | Жер | Газ активтері | Ғимарат және құрылыстар | Газ көлік жүйесі | Жабдық | Көлік құралдары | Өзге | Аяқталмаған құрылыс | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Бастапқы құны** | | | | | | | | | |
| **2012 жылғы 31 желтоқсан** | 1.464.940 | 23.316.571 | 34.322.829 | 234.394.878 | 119.257.388 | 17.292.645 | 6.817.038 | 50.302.966 | 487.169.255 |
| Түсімдер | 14.097 | 3.804.499 | 462.287 | 2.712.953 | 2.259.607 | 4.529.836 | 674.618 | 81.150.854 | 95.608.751 |
| Материалдық емес активтерге аударымдар | – | – | – | – | – | – | – | (39.162) | (39.162) |
| Аударымдар | 2.650 | – | 11.310.599 | 5.195.005 | 49.655.009 | 214.563 | 524.880 | (66.902.706) | – |
| Шығулар | (7.798) | – | (3.105.238) | (295.181) | (178.332) | (38.106) | (291.157) | (2.326.170) | (6.241.982) |
| **2013 жылғы 31 желтоқсан** | 1.473.889 | 27.121.070 | 42.990.477 | 242.007.655 | 170.993.672 | 21.998.938 | 7.725.379 | 62.185.782 | 576.496.862 |
| Түсімдер | **2.083** | **3.185.794** | **23.798.567** | **192.623.157** | **49.308.886** | **358.128** | **376.309** | **47.158.159** | **316.811.083** |
| ТМҚ-дан аударымдар | – | – | – | – | – | – | – | **5.889.856** | **5.889.856** |
| Материалдық емес активтерге аударым | – | **(563)** | – | – | – | – | – | **(497.693)** | **(498.256)** |
| Аударымдар | – | **63.221** | **5.127.760** | **48.273.444** | **22.174.482** | **446.338** | **209.473** | **(76.294.718)** | – |
| Шығулар | **(16.645)** | – | **(14.606.625)** | **(57.148.306)** | **(66.245.609)** | **(353.854)** | **(279.421)** | **(276.183)** | **(138.926.643)** |
| **2014 жылғы 31 желтоқсан** | **1.459.327** | **30.369.522** | **57.310.179** | **425.755.950** | **176.231.431** | **22.449.550** | **8.031.740** | **38.165.203** | **759.772.902** |
| **Жинақталған тозу және құнсыздану** | | | | | | | | | |
| **2012 жылғы 31 желтоқсан** | – | (4.992.297) | (6.881.000) | (44.216.708) | (44.441.531) | (9.872.386) | (3.114.788) | (294.653) | (113.813.363) |
| Аударымдар | – | (456.727) | (1.832.429) | (9.191.367) | (9.517.974) | (1.337.150) | (629.023) | – | (22.964.670) |
| Шығулар | – | – | 1.286.135 | 242.944 | 163.484 | 14.782 | 255.006 | – | 1.962.351 |
| Аударымдар | – | – | (447.184) | 624.511 | (182.807) | 8.800 | (3.320) | – | – |
| Құнсыздану | – | – | (297.503) | – | – | – | – | (641.872) | (939.375) |
| **2013 жылғы 31 желтоқсан** | – | (5.449.024) | (8.171.981) | (52.540.620) | (53.978.828) | (11.185.954) | (3.492.125) | (936.525) | (135.755.057) |
| Аударымдар | – | **(1.167.921)** | **(2.225.667)** | **(12.294.014)** | **(11.652.901)** | **(1.563.902)** | **(772.524)** | – | **(29.676.929)** |
| Шығулар | – | – | **4.168.407** | **17.838.625** | **30.824.819** | **295.075** | **212.231** | – | **53.339.157** |
| Аударымдар | – | **(43.891)** | **(19.131)** | – | **(2.070)** | **6.851** | **58.241** | – | – |
| Құнсыздану | – | – | – | – | – | – | – | **(794.395)** | **(794.395)** |
| **2014 жылғы 31 желтоқсан** | – | **(6.660.836)** | **(6.248.372)** | **(46.996.009)** | **(34.808.980)** | **(12.447.930)** | **(3.994.177)** | **(1.730.920)** | **(112.887.224)** |
| **Қалдық құны** | | | | | | | | | |
| **2013 жылғы 31 желтоқсан** | 1.473.889 | 21.672.046 | 34.818.496 | 189.467.035 | 117.014.844 | 10.812.984 | 4.233.254 | 61.249.257 | 440.741.805 |
| **2014 жылғы 31 желтоқсан** | **1.459.327** | **23.708.686** | **51.061.807** | **378.759.941** | **141.422.451** | **10.001.620** | **4.037.563** | **36.434.283** | **646.885.678** |

## 4. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша аяқталмаған күрделі құрылысқа 6.046.221 мың теңге сомаға газ құбырларын салуға және күрделі жөндеуге арналған құбырлар мен басқа да жабдық кіреді.

2014 жылдың ішінде 47.158.159 мың теңге жалпы сомаға аяқталмаған құрылыс негізінен 12.927.511 мың теңге жалпы сомаға Оңтүстік Қазақстанда, Жамбыл және Атырау облыстарында газ құбырларын тартуға және жаңартуға қатысты шығындарды; сондай-ақ 3.465.334 мың теңге сомаға магистральды газ құбырларын күрделі жөндеу жұмыстарын; 2.279.296 мың теңге сомаға резервтік электр станцияларын ауыстыруды; 1.019.404 мың теңге сомаға компрессорлық станцияларды күрделі жөндеуді және басқа да күрделі құрылыс пен жақсартуларды білдіреді.

2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін пайдалануға 76.294.718 мың теңге жалпы сомаға нысандар берілді. Бұл соманың елеулі бөлігін 12.291.216 мың теңге жалпы сомаға газ құбырларын салу; 9.529.349 мың теңге жалпы сомаға «Союз» МГ мен «Лупинг САЦ-4» МГ газ-құбыры-бөгетін салу; 8.103.571 мың теңге сомаға магистральды газ құбырларын күрделі жөндеу жұмыстары; 3.622.439 мың теңге сомаға УМГ-да реверстік газ құбыры-бөгетін салу және қосу; 3.408.608 мың теңге сомаға компрессорлық станцияларды күрделі жөндеу жұмыстары құрайды.

2014 жылдың ішінде Топ жергілікті билік органдары мен өзінің тұтынушыларынан 370.138 мың теңге (2013 жылы: 1.845.446 мың теңге) сомасына негізгі құралдарды өтеусіз алды.

2014 жылы «ҚазМұнайГаз» Топқа 17.189.465 мың теңге жалпы сомаға жоғары, орта және төмен қысымды газ құбырларын берді, олардың ішінде – 7.735.383 мың теңге сомаға Батыс Қазақстан облысында, 2.605.311 мың теңге сомаға Жамбыл облысында, 1.455.453 мың теңге сомаға Ақтөбе облысында, 5.393.318 мың теңге сомаға Қостанай облысында орналасқан газ құбырларын берді *(13-ескертпе)*.

2014 жылғы 28 қарашада Топ және «ҚазМұнайГаз» 1.335.937 мың теңге сомасына Қостанай облысында орналасқан газ құбырларын сенімгерлік басқару шартын жасады *(13-ескертпе)*.

2014 жылдың ішінде Топ Концессия шартын бұзып, Үкіметке 83.176.682 мың теңге сомаға күрделі жөндеумен және жақсартумен байланысты барлық негізгі құралдарды берді *(13-ескертпе)*.

2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде қосымша төленген капитал ретінде Топ 207.115.481 мың теңге жалпы сомаға газкөлік жүйесінің активтері күйінде негізгі құралдарды алды, сондай-ақ оған есептен шығарылған күрделі жөндеу мен жақсарту жатады *(13-ескертпе)*.

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша толығымен тозуы есептелген, бірақ пайдаланудағы негізгі құралдардың бастапқы құны 17.269.075 мың теңге (2013 жылғы 31 желтоқсан: 23.828.373 мың теңге) болды.

## 5. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

2013 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілікте үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін келесі бірлескен кәсіпорындарға қатысу үлестері болды:

| Атауы | Тіркелген жері | Негізгі қызмет | Үлес, % 2014 жылғы 31 желтоқсан | Үлес, % 2013 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|---|
| «Азиялық газ құбыры» ЖШС («АГҚ») | Қазақстан | Қазақстан – Қытай газ құбырын салу және пайдалану | **50%** | 50% |
| «ҚазТрансГаз АГ» («ҚТГ АГ») | Швейцария | Электрэнергиясын өндіру бойынша кәсіпорындарды әзірлеу және салу, электрэнергиясын және көмірсутекті шикізатты өндіру, бөлу және сату | **50%** | 50% |
| «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС («БШГ») | Қазақстан | Бейнеу-Бозой-Шымкент газ құбырын салу және пайдалану | **50%** | 50% |
| «АвтоГаз» ЖШС («АГ») | Қазақстан | Автогазтолтыру компрессорлық станцияларды ұйымдастыру, пайдалану, салу және қызмет көрсету | **50%** | 50% |
| «КырКазГаз» БК («ККГ») | Қырғызстан | Бұхара – Ташкент – Бішкек – Алматы магистральды газ құбырына қызмет көрсету | **–** | 50% |

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 5. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)

Елеулі бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар туралы жалпылама қаржылық ақпарат төменде келтірілген:

### АГҚ

Келесі кестеде Топтың АГҚ-ға салынған инвестициялардың жалпылама қаржылық ақпараты келтірілген:

| *Мың теңгемен* | 2014 | 2013 |
|---|---|---|
| **Бірлескен кәсіпорынның қаржылық жағдайы туралы есеп** | | |
| Ағымдағы активтер | **309.420.744** | 154.205.062 |
| Ұзақ мерзімді активтер | **1.499.250.376** | 1.380.474.982 |
| Ағымдағы міндеттемелер | **(184.776.698)** | (66.202.396) |
| Ұзақ мерзімді міндеттемелер | **(1.656.541.408)** | (1.422.643.894) |
| **Капитал** | **(32.646.986)** | 45.833.754 |
| Топқа иелік етудің пропорционалды үлесі | **50%** | 50% |
| **Инвестицияның баланстық құны** | **–** | 22.916.877 |
| **Бірлескен кәсіпорынның кірістері мен таза залалы** | | |
| Бір жылғы таза (шығын)/пайда | **(81.151.596)** | 43.486.426 |
| **Есепті жыл үшін таза залалдағы / пайдадағы Топтың үлесі** | **(23.308.569)** | 21.743.213 |
| Бір жылғы басқа да жиынтық кіріс | **783.383** | 297.193 |
| **Есепті жыл үшін басқа да жиынтық кірістегі Топтың үлесі** | **391.692** | 148.597 |

2008 жылғы 15 ақпанда Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Қытай газ құбырын салуда және пайдалануда ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес Топтың 50% қатысуымен және «Trans-Asia Gas Pipeline Company Limited» 50% қатысуымен АГҚ бірлескен кәсіпорны құрылды. 2014 және 2013 жылдардың 31 желтоқсанына АГҚ жарғылық капиталы 1.200.000 мың теңге болды, олардың 600.000 мың теңге сомасын Топ төледі.

2014 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Топтың АГҚ таза шығынындағы үлесі 40.575.798 мың теңге болды, тиісінше, бірлескен кәсіпорынның мойындалмаған шығындар үлесі 17.267.229 мың теңге болды.

### БШГ

Келесі кестеде Топтың БШГ-ға салынған инвестициялардың жалпылама қаржылық ақпараты келтірілген:

| *Мың теңгемен* | 2014 | 2013 |
|---|---|---|
| **Бірлескен кәсіпорынның қаржылық жағдайы туралы есеп** | | |
| Ағымдағы активтер | **31.178.242** | 11.624.960 |
| Ұзақ мерзімді активтер | **330.271.964** | 297.419.368 |
| Ағымдағы міндеттемелер | **(46.215.736)** | (28.624.358) |
| Ұзақ мерзімді міндеттемелер | **(200.148.532)** | (139.882.214) |
| **Капитал** | **115.085.938** | 140.537.756 |
| Топқа иелік етудің пропорционалды үлесі | **50%** | 50% |
| **Инвестицияның баланстық құны** | **57.542.969** | 70.268.878 |
| **Бірлескен кәсіпорынның кірістері мен таза залалы** | | |
| Бір жылғы таза залал | **(27.721.852)** | (3.380.863) |
| **Есепті жыл үшін таза залалдағы Топтың үлесі** | **(13.860.926)** | (1.690.432) |
| Бір жылғы басқа да жиынтық кіріс | **–** | – |
| **Есепті жыл үшін басқа да жиынтық кірістегі Топтың үлесі** | **–** | – |

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 5. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)

**БШГ (жалғасы)**

2011 жылғы 18 қаңтарда Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Қытай газ құбырын салуда және пайдалануда ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес Топтың 50% қатысуымен және «Trans-Asia Gas Pipeline Company Limited» 50% қатысуымен ШБГ бірлескен кәсіпорны құрылды. 2014 және 2013 жылдардың 31 желтоқсанына БШГ жарғылық капиталы 145.430.000 мың теңге болды, олардың 72.715.000 мың теңге сомасын Топ төледі.

2014 жылы Компания 26.000.271 мың теңге сомаға БШГ-ға пайызсыз қарыз берді, оның әділ құны 23.730.237 мың теңге болды. Топ 2.270.034 мың теңге (2013: нөл теңге) сомада берілген қаржылай көмек бойынша дисконтка тең БШГ-дағы қосымша инвестицияны мойындады.

**АГ**

Келесі кестеде Топтың АГ-ға салынған инвестициялардың жалпылама қаржылық ақпараты келтірілген:

| *Мың теңгемен* | 2014 | 2013 |
|---|---|---|
| **Бірлескен кәсіпорынның қаржылық жағдайы туралы есеп** | | |
| Ағымдағы активтер | **339.444** | 350.276 |
| Ұзақ мерзімді активтер | **1.817.538** | 1.503.434 |
| Ағымдағы міндеттемелер | **(479.948)** | (154.458) |
| Ұзақ мерзімді міндеттемелер | **–** | – |
| **Капитал** | **1.677.034** | 1.699.252 |
| Топқа иелік етудің пропорционалды үлесі | **50%** | 50% |
| **Инвестицияның баланстық құны** | **838.517** | 849.626 |
| **Бірлескен кәсіпорынның кірістері мен таза залалы** | | |
| Бір жылғы таза залал | **(22.218)** | (130.336) |
| **Есепті жыл үшін таза залалдағы Топтың үлесі** | **(11.109)** | (65.168) |
| Бір жылғы басқа да жиынтық кіріс | **–** | – |
| **Есепті жыл үшін басқа да жиынтық кірістегі Топтың үлесі** | **–** | – |

2011 жылғы 30 сәуірде Топ Колон Корпорэйшен пайдасына «АвтоГаз» ЖШС-тегі қатысу үлесінің 50% өткізді. 2013 жылы Топ 34.200 мың теңге сомасына ақша қаражатымен жарғылық капиталды ұлғайту арқылы «АвтоГаз»-дағы өз инвестицияларын ұлғайтты.

## 6. БЕРІЛГЕН АВАНСТАР

| *Мың теңгемен* | 2014 | 2013 |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген авансатар** | | |
| Үшінші тараптарға берілген авансатар | **18.986.201** | 15.205.244 |
| Минусы: күмәнді борыштар бойынша резерв | **(221.055)** | – |
| | **18.765.146** | 15.205.244 |
| **Ағымдағы активтер мен қызметтер үшін берілген авансатар** | | |
| Байланысты тараптарға аванстар *(30-ескертпе)* | **3.219.635** | 2.998.091 |
| Үшінші тараптарға берілген авансатар | **841.244** | 429.911 |
| Минусы: күмәнді борыштар бойынша резерв | **–** | (19) |
| | **4.060.879** | 3.427.983 |

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 6. БЕРІЛГЕН АВАНСТАР (жалғасы)

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша күрделі жөндеу және құрылыс жұмыстарын жасағаны үшін бөгде ұйымдарға берілген аванстарға негізінен 7.563.750 мың теңге сомасында автоматтандырылған газды бөлу станцияларын салу жұмыстарын, құрылыс-монтаждау жұмыстарын, Қызылорда облысында газ құбырларына күрделі жөндеу жұмыстары мен қайта құру жұмыстарын орындау үшін берілген аванстар (2013 жылғы 31 желтоқсанға: нөл теңге); «Электрохимзащита» ЖШС-не газ көлік жүйесінің энергетикалық кешенін қайта құру үшін берілген 6.981.594 мың теңге сомасындағы (2013 жылғы 31 желтоқсанға: 11.172.550 мың теңге); «Электро-ХСБМ» ЖШС-не газ құбырларын күрделі жөндеуге берілген 904.525 мың теңге сомасындағы (2013 жылғы 31 желтоқсанға: 1.035.220 мың теңге); «ДС-ТАС» ЖШС-не «Бозой» ПХГ-да газды кептіру қондырғысын салуға берілген 1.560.118 мың теңге сомасындағы (2013 жылғы 31 желтоқсанға: нөл теңге); 2013 жылы «СК Строй-Контракт» ЖШС-не Астана қаласында Жекпе-жек сарайын жобалау және салу жұмыстары үшін берілген 1.388.562 мың теңге сомасындағы (2013 жылғы 31 желтоқсанға: 1.639.650 мың теңге) аванс жатады.

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ағымдағы активтер мен қызметтер үшін байланысты тараптарға берілген аванстарға негізінен Топ «Теңізшевройл» ЖШС-тің пайдасына 2015 жылы табиғи газды жеткізгені үшін берген 3.170.142 мың теңге сомадағы (2013 жылғы 31 желтоқсанға: нөл теңге) аванс жатады.

## 7. ТАУАР-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР

| *Мың теңгемен* | 2014 | 2013 |
|---|---|---|
| Газ қорлары | **13.812.363** | 13.987.886 |
| Материалдар және қорлар | **11.148.789** | 8.944.078 |
| | **24.961.152** | 22.931.964 |
| Минусы: ескірген және өтпейтін тауар-материалдық қорларға резерв | **(273.165)** | (233.323) |
| | **24.687.987** | 22.698.641 |

Материалдар мен қорларға, негізінен, газ көлік жүйесіне техникалық қызмет көрсетуге арналған қосалқы бөлшектер, газ көлік жабдығында пайдалануға арналған метанол мен майлау материалдары және ішкі пайдалануға арналған тауарлар кіреді. Газ қорларына жағар газ және сатуға арналған газ кіреді.

## 8. САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

| *Мың теңгемен* | 2014 | 2013 |
|---|---|---|
| Үшінші тараптардың сауда дебиторлық берешегі | **48.863.813** | 43.020.134 |
| Байланысты тараптардың сауда дебиторлық берешегі *(30-ескертпе)* | **17.328.071** | 6.084.116 |
| Басқа да дебиторлық берешек | **915.466** | 1.354.490 |
| | **67.107.350** | 50.458.740 |
| Минусы: күмәнді борыштар бойынша резерв | **(4.073.370)** | (2.871.059) |
| | **63.033.980** | 47.587.681 |

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дебиторлық берешектің 42% «Газпром» тобы компанияларының газ транзиті мен газ экспорты үшін берешегін құрады (2013 жылдың 31 желтоқсанына: 57%).

Күмәнді борыштар бойынша резервтегі өзгерістер былайша берілген:

| *Мың теңгемен* | Дербес негізде құнсыздан-ғандар |
|---|---|
| **2012 жылдың 31 желтоқсанына** | 2.904.010 |
| Бір жылғы аударымдар | 615.266 |
| Пайдаланылды | (279.205) |
| Қалпына келтірілгені | (369.012) |
| **2013 жылдың 31 желтоқсанына** | 2.871.059 |
| Бір жылғы аударымдар | **1.330.680** |
| Пайдаланылды | **(571.336)** |
| Есептілік валютасын қайта есептеу | **444.290** |
| Қалпына келтірілгені | **(1.323)** |
| **2014 жылдың 31 желтоқсанына** | 4.073.370 |

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 8. САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК (жалғасы)

31 желтоқсанда өтеу мерзімдері бойынша сауда және басқа да дебиторлық берешекті талдау былайша берілген:

| *Мың теңгемен* | Жиыны | Мерзімі өтепеген және құнсыздан баған | Мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған <30 күн | 30-60 күн | 60-90 күн | 90-120 күн | >120 күн |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **2014** | **63.033.980** | **34.790.091** | **11.692.888** | **4.118.381** | **681.194** | **383.741** | **11.367.685** |
| 2013 | 47.587.681 | 37.459.559 | 8.331.622 | 977.745 | 467.868 | 123.959 | 226.928 |

### 9. ӨТЕЛУГЕ ЖАТАТЫН САЛЫҚТАР

| *Мың теңгемен* | 2014 | 2013 |
|---|---|---|
| Өтелуге жататын ҚҚС-тың ағымдағы бөлігі | **14.504.686** | 12.514.259 |
| Мүлікке салынатын салық | **109.806** | 195.326 |
| Өтелуге жататын өзге де салықтар | **421.098** | 1.235.221 |
| | **15.035.590** | 13.944.806 |

### 10. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРҒА БЕРІЛГЕН ПАЙЫЗСЫЗ ҚАРЫЗДАР

2014 және 2013 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптарға берілген пайызсыз қарыздарға мыналар кірді:

| *Мың теңгемен* | 2014 | 2013 |
|---|---|---|
| Байланысты тараптарға берілген пайызсыз қарыздар *(30-ескертпе)* | **26.206.131** | 57.101 |
| Минусы: дисконт | **(778.728)** | – |
| | **25.427.403** | 57.101 |

2014 жылғы 14 наурыз бен 18 желтоқсанда Топ «Бейнеу-Шымкент» магистральды газ құбырын салу» жобасының екінші кезеңін салуға қажетті қызмет көрсетушілер мен материалдарды жеткізушілердің алдындағы ағымдағы берешекті өтеу үшін тиісінше 15.800.000 мың теңге және 10.200.271 мың теңге сомасында екі траншпен БШГ-ға пайызсыз қарыз берді. 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дисконттың барлық сомасы БШГ-ға берілген пайызсыз қарызға жатады.

### 11. БАНКТІК САЛЫМДАР

| *Мың теңгемен* | 2014 | 2013 |
|---|---|---|
| Өтеу мерзімі бір жылдан артық болатын АҚШ долларындағы банк салымдары | **31.007.488** | – |
| Өтеу мерзімі бір жылдан артық болатын теңгемен банк салымдары | **6.718.910** | 8.388.657 |
| | **37.726.398** | 8.388.657 |
| Минусы: пайдалануға шектелген ақша қаражаты | **(4.178.146)** | (2.557.997) |
| **Ұзақ мерзімді банк салымдары** | **33.548.252** | 5.830.660 |
| | | |
| Өтеу мерзімі үш айдан артық, бірақ бір жылдан кем болатын теңгемен банк салымдары | **15.849.777** | 8.179.957 |
| Өтеу мерзімі үш айдан артық, бірақ бір жылдан кем болатын АҚШ долларындағы банк салымдары | **7.640.521** | 3.301.198 |
| **Қысқа мерзімді банк салымдары** | **23.490.298** | 11.481.155 |

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша салымдар теңгемен жылдық 3,5-9,5% (2013 жылғы 31 желтоқсан: жылына 2-7,1%) және шетел валютасында жылына 4,5-9% (2013 жылғы 31 желтоқсан: жылына 2,5-5,2%) пайыздық мөлшерлемесімен банктерде үш айдан екі жылға дейінгі түрлі мерзімдерге орналастырылды.

2014 жылдың 31 желтоқсанына Топтың «Қазақстанның Халық Банкі» АҚ-да 3.988.482 мың теңге мөлшерінде пайдалануда шектелген депозиттік шоттары болды. Бұл депозиттік шоттар Топ қызметкерлерінің қарыздары бойынша қамтамасыз ету ретінде ашылды (2013 жылғы 31 желтоқсан: 2.201.089 мың теңге).

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 12. АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

| *Мың теңгемен* | 2014 | 2013 |
|---|---|---|
| Теңгемен банктердегі шоттар | **3.455.902** | 3.441.641 |
| Шетел валютасында банктердегі шоттар | **1.139.208** | 3.111.987 |
| Жолдағы ақша | **24.165** | 287.498 |
| Кассадағы қолма-қол ақша | **12.497** | 14.983 |
| Теңгемен салымдар | **–** | 3.600.000 |
| Шетел валютасындағы салымдар | **–** | 76.805 |
| | **4.631.772** | 10.532.914 |

Қысқа мерзімді салымдар Топтың ақша қаражатындағы шұғыл мұқтаждықтарына орай бір күннен үш айға дейінгі түрлі мерзімдерге салынады және солар бойынша сыйақы 2014 жылдың 31 желтоқсанына 0,19%-дан бастап 2%-ға дейінгі мөлшерде (2013 жылғы 31 желтоқсан: 0,19%-дан 2%-ға дейін) орташа алынған пайыздық мөлшерлеме бойынша есептеледі.

### 13. ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ

| | Айналысқа шығарылған жай акциялар (акциялар саны) | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Номиналды құны 100 теңге | Номиналды құны 138 теңге | Номиналды құны 2.500 теңге | Номиналды құны 10.000 теңге | Жарғылық капитал, мың теңгемен |
| 2013 жылдың 31 желтоқсанына | 312.167.670 | 1 | 30.976.655 | 3.535.325 | 144.011.655 |
| **2014 жылдың 31 желтоқсанына** | **312.167.670** | **1** | **30.976.655** | **5.438.147** | **163.039.875** |

Жай акциялар оларың иелеріне акционерлердің Жалпы жиналысының құзыреті шегінде барлық мәселелер бойынша дауыс беру құқығын береді. Жай акциялар бойынша дивидендтер Акционерлердің карауына карай төленеді. 2014 және 2013 жылдары Топ дивидендтерді төлеген жоқ.

2013 жылғы 18 сәуірде Топ Баскармасының шешіміне сәйкес Астана қ. Әкімдігі бағдарламасының шеңберінде Топ «Нұрлы Астана» Корпоративтік қорға 50.000 мың теңге мөлшерінде демеушілік көмегін көрсетті. Бұл шығыстар Акционерге бөлу ретінде танылды, өйткені операция «ҚазМұнайГаз» Баскарма Төрағасының хатындағы тапсырмаға сәйкес орындалды.

2014 жылдың ішінде Топ әрқайсысының номиналды құны 10.000 теңге болатын 1.902.822 жай акцияны шығарды. Акцияларды Топтың жалғыз Акционері сатып алып, әділ құны 17.189.465 мың теңге болатын негізгі құралдармен төленді, шығарылған жай акциялардың сомасы мен алынған негізгі құралдардың әділ құны арасындағы айырма Акционермен жасалған басқа да операциялар ретінде 1.838.755 мың теңге сомасында танылды *(4-ескертпе)*.

2013 жылдың ішінде Топ әрқайсысының номиналды құны 10.000 теңге болатын 409.422 жай акцияны шығарды. Акцияларды Топтың жалғыз Акционері сатып алып, «Арқагаз» АҚ-ның акцияларымен төленді.

#### Қосымша төленген капитал

2012 жылы Топ нөлдік баланстық құны бар «Самұрық-Энерго» АҚ-дағы бақыланбайтын қатысу үлесін 4.688.102 мың теңге сомасына әділ құнымен газ көлік активтеріне айырбастады. 2013 жылдың ішінде Топ 583.154 мың теңге сомасына газ көлік активтерінің қалған бөлігін алды және алынған газ көлік активтерін қосымша төленген капиталдың ұлғаюы ретінде таныды.

2014 жылғы 12 қыркүйекте бас компания өтімділік көрсеткіштерін жақсарту үшін Топқа жылдық 4,1%-бен 14.881.897 мың теңге сомасында ұзақ мерзімді қаржыландыруды ұсынды (2013 жылы: нөл теңге). Бұл қарыз 2024 жылғы 12 қыркүйекке дейін төленуі тиіс. Тиісінше, қарыз 7.009.567 мың теңге сомасына дисконтты мойындай отырып 7.872.330 мың теңге мөлшерінде әділ құны бойынша қосымша төленген капитал құрамында және дисконт амортизациясы 110.058 мың теңге мөлшерінде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептің құрамында көрсетілді.

2014 жылдың ішінде Компания қосымша төленген капиталдың құрамында жалғыз Акционерден Компанияға Қостанай облысындағы жоғары, орта және төмен қысымды газ құбырларын сенімгерлік басқаруға берумен байланысты 1.335.937 мың теңге мөлшеріндегі соманы мойындады *(4-ескертпе)*.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 13. ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ (жалғасы)

**Қосымша төленген капитал (жалғасы)**

2014 жылғы 4 желтоқсанда Компания мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің арасында Концессия шартын бұзу туралы келісімге қол қойылды. Бұзу туралы келісімнің шарттарына сай Топ Үкіметке 83.176.682 мың теңге сомаға күрделі жөндеумен және жақсартумен байланысты барлық негізгі құралдарды берді *(4-ескертпе)*.

Сондай-ақ, 2014 жылғы 5 желтоқсанда Топ «Самұрық-Қазына»-мен және Компания мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті арқылы Үкіметпен 207.115.481 мың теңге жалпы сомаға газ құбырларын сенімгерлік басқару шартын жасады *(4-ескертпе)*.

Сенімгерлік басқару шарты Топқа бұл газ құбырларына меншік құқығы берілгенге дейін қолданылатын қысқа мерзімді тетік болып табылады. Топ мұндай активтердің тікелей пайдаланушысы болып табылады және Сенімгерлік басқару шартына сәйкес бұл газ көлік жүйесінің активтеріне иелік етуге байланысты барлық тәуекелдер мен сыйақыларды алды. Тиісінше, Топ мұндай газ құбырлары мен газ көлік жүйесінің түскен активтерін және қосымша төленген капиталдың тиісті ұлғаюын мойындады.

## 14. ШЫҒАРЫЛҒАН БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

2014 және 2013 жылдардың 31 желтоқсанына шығарылған борыштық бағалы қағаздарға мыналар кіреді:

| | Шығару | Өтеу мерзімі | Пайыздық мөлшерлеме | 2014 АҚШ Доллары | 2014 Мың теңгемен | 2013 АҚШ Доллары | 2013 Мың теңгемен |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| The Bank of New York Mellon | 2007 жылғы 14 мамыр | 2017 жылғы 14 мамыр | 6,375% | 540.000.000 | 98.469.000 | 540.000.000 | 82.949.400 |
| «ҚТГ Аймақ» облигациялары | 2014 жылғы 29 қаңтар | 2018 жылғы 27 желтоқсан | 7,5% | – | 8.629.170 | – | – |
| | | | | | 107.098.170 | | 82.949.400 |
| Есептелген сыйақы | | | | | 1.125.707 | | 675.692 |
| Мәміле бойынша амортизацияланбаған шығыстар | | | | | (306.580) | | (421.561) |
| Дисконт | | | | | (144.483) | | – |
| **Қысқа мерзімді бөлік** | | | | | 1.125.707 | | 675.692 |
| **Ұзақ мерзімді бөлік** | | | | | 106.647.107 | | 82.527.839 |

2011 жылғы қарашада «Интергаз Файнанс Б.В.» 2007 жылғы мамырда шығарылған Еурооблигациялар бойынша барлық құқықтар мен міндеттемелерді Топқа аударды. Осылайша, Топ және «Интергаз Файнанс Б.В.» 2017 жылғы мамырда өтеу мерзімімен 540.000.000 АҚШ доллары сомасында топішілік қарыз бойынша есеп айырысты. 2011 жылғы қарашадан бастап Топ 2007 жылғы мамырда шығарылған Еурооблигациялардың эмитентіне айналды. Кейіннен, мұндай борыштық міндеттемелер Қазақстанның Қор Биржасында тіркелді.

Инвестициялық жобаларды қаржыландыру, сондай-ақ 2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде алынған қарыздарды қайта қаржыландыру мақсатында Қазақстан Қор Биржасының сауда жүйесінде саны 8.629.170 дана, бір облигация үшін номиналды құны 1.000 теңге, сыйақы мөлшерлемесі жылдық 7,5% болатын және купондарды төлеу кезеңділігі 2018 жылға дейін жыл сайын 27 маусым және 27 желтоқсан болатын Топтың облигациялары орналастырылды. Сатып алушы үшін облигациялар бойынша кірістілік жылдық 8,2% тең. Орналастырылған облигациялар бойынша түскен сома 8.495.502 мың теңгені құрады.

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығарылған борыштық міндеттемелер бойынша төленуге жататын сыйақы 1.125.707 мың теңге (2013 жылғы 31 желтоқсанға: 675.692 мың теңге) болды.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 15. ПАЙЫЗДЫҚ ҚАРЫЗДАР

2014 жылғы 31 желтоқсандағы және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайыздық қарыздарға мыналар кірді:

| *Мың теңгемен* | 2014 | 2013 |
|---|---|---|
| Сыйақының өзгермелі мөлшерлемесі бар пайыздық қарыздар | 76.777.496 | 4.640.340 |
| Сыйақының тіркелген мөлшерлемесі бар пайыздық қарыздар | 28.630.793 | 34.508.018 |
| | 105.408.289 | 39.148.358 |
| Минусы: мәміле бойынша амортизацияланбаған шығындар | (610.118) | (350.589) |
| Плюсы: төленуге жататын сыйақы | 536.912 | 241.230 |
| | 105.335.083 | 39.038.999 |
| Минусы: есепті күннен бастап 12 ай ішінде өтелуге жататын сома | (86.334.449) | (33.048.047) |
| **12 айдан кейін өтелуге жататын сомалар** | **19.000.634** | 5.990.952 |

### «VTB Bank» тобы

2014 жылғы 13 наурызда ВТБ Банк (Австрия) АГ, ВТБ Банк (Германия) АГ және Топ арасында Либор + Банк маржасы (2,2%) мөлшерлемесі бойынша, 6 айға өтеу мерзімімен және 6 (алты) айға ұзарту мүмкіндігімен 250 млн. АҚШ доллары мөлшерінде Несие желісін беру туралы шартқа қол қойылды. Пайыздардың төленуі тоқсан сайынғы негіздегі келісіммен көзделген. 2014 жылғы 26 наурызда Топ 250.000 мың доллар (баламасы 45.504.994 мың теңге) жалпы сомада қаржыландыруды алды. Топ бастапқы өтеу мерзімін 2015 жылғы 26 наурызға дейін ұзартты. Қарызды ұйымдастыру туралы келісімге сәйкес Топ оның ұйымдастырылуы үшін комиссия ретінде қарыз сомасының 1,35%-ын екі рет төледі, бірінші төлем қарызды алғаш рет алған кезде, ал екіншісі оны 6 (алты) айға ұзарту сәтіне жасалды. 2014 жылдың ішінде Топ 822.987 мың теңге (2013 жылы: нөл теңге) мөлшерінде ай сайын есептелген пайыздарды өтеді. 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың бұл қарыз бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілге салынған активтері жоқ.

Сондай-ақ, 6 (алты) айға дейінгі ең ұзақ қарыз мерзімімен 5%-7%-бен 3.000.000 мың теңге сомасына 2013 жылғы 29 тамыздағы несие желісі туралы келісімге сәйкес «Банк ВТБ» (Қазақстан) АҚ Топқа 2013 жылы айналым капиталын толықтыру үшін 2.999.997 мың теңге жалпы сомада бірнеше траншпен қосымша қаржыландыруды ұсынды. Бұл несие желісі қолданыста болып, 2014 жылғы 29 тамызға дейін қолжетімді болды. 2014 жылдың ішінде «Банк ВТБ» (Қазақстан) АҚ Топқа 1.773.223 мың теңге сомасында қосымша қаржыландыруды ұсынды.

2014 жылдың ішінде 4.773.220 мың теңге мөлшерінде «Банк ВТБ» (Қазақстан) АҚ қарызы бойынша бүкіл негізгі борыш және 39.207 мың теңге (2013 жылы: 64.818 мың теңге) сомасында есептелген пайыздар өтелді.

### «Citibank, N.A.Nassau» және «Ситибанк Қазақстан»

2014 жылы, Қысқа мерзімді несиелер туралы бас келісімге сәйкес 3 айлық ЛИБОР + 2% мөлшерлемесімен және 12 айға дейінгі ең ұзақ қарыз мерзімімен 200.000 мың АҚШ долларына дейінгі лимитпен айналым капиталын толықтыруға «Ситибанк Қазақстан» АҚ мен «Citibank, N.A.Nassau» Топқа 215.000 мың АҚШ доллары (баламасы 39.079.250 мың теңге) жалпы сомада бірнеше траншпен қосымша қаржыландыруды ұсынды. 2014 жылдың ішінде Топ 104.500 мың АҚШ доллары (баламасы 19.053.475 мың теңге) мөлшерінде негізгі борышты және 88.105 мың теңге мөлшерінде ай сайын есептелген пайыздарды өтеді. 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың бұл қарыз бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілге салынған активтері жоқ.

2013 жылғы 27 желтоқсанда «Ситибанк Қазақстан» АҚ Топқа айналым капиталын толықтыру үшін 30.000 мың АҚШ доллары (баламасы 4.608.300 мың теңге) сомасында қысқа мерзімді қаржыландыруды ұсынды. Қарыз 2014 жылғы 31 наурызда толығымен өтелді.

Сондай-ақ, Қысқа мерзімді несиелер туралы бас келісімге сәйкес 3 айлық ЛИБОР + 2% мөлшерлемесімен және 12 айға дейінгі ең ұзақ қарыз мерзімімен 50.000 мың АҚШ доллары сомасына айналым капиталын толықтыруға «Ситибанк Қазақстан» АҚ Топқа 41.740 мың АҚШ доллары жалпы сомада қосымша қаржыландыруды ұсынды. Сондай-ақ, 2004 жылғы 22 қыркүйектегі несие желісі туралы жалпы келісімге жасалған өзгертуге сәйкес «Ситибанк Қазақстан» АҚ Топқа 2014 жылы айналым капиталын толықтыру үшін 586.892 мың теңге жалпы сомада бірнеше траншпен қосымша қаржыландыруды ұсынды (2013 жылы: 38.703.738 мың теңге).

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 15. ПАЙЫЗДЫҚ ҚАРЫЗДАР (жалғасы)

**«Citibank, N.A.Nassau» және «Ситибанк Қазақстан» (жалғасы)**

2014 жылдың ішінде Топ 4.767.371 мың теңге және 41.740 мың теңге (2013: 41.943.258 мың теңге) мөлшерінде қалған негізгі борышты және 108.652 мың теңге (2013 жылы: 357.554 мың теңге) мөлшерінде ай сайын есептелген пайыздарды өтеді.

**«Royal Bank of Scotland» ЕБ**

2014 жылғы 10 ақпанда Топ «Royal Bank of Scotland» ЕБ-мен 2015 жылғы 9 ақпанға дейінгі мерзімге ЛИБОР + 2,5%-бен 50.000 мың АҚШ долларына дейінгі сомаға айналым капиталын толықтыруға жаңартылатын несие желісін ашу туралы келісімге қол қойды. Бұл несие желісінің шеңберінде Топ 46.110 мың АҚШ доллары (баламасы 8.448.987 мың теңге) жалпы сомада екі траншпен қосымша қаржыландыруды алды. 2014 жылдың ішінде Топ 30.000 мың АҚШ доллары (баламасы 5.462.400 мың теңге) сомасында негізгі борышты және 11.681 мың теңге мөлшерінде есептелген пайыздарды өтеді. 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың бұл қарыз бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілге салынған активтері жоқ.

**«Credit Suisse»**

2007 жылғы 27 ақпандағы қарыз шартына сәйкес Credit Suisse ҚТГ Тбилисиге 50.000.000 АҚШ долларына баламалы сомаға қарыз берді. Топ пен ИОА Credit Suisse пайдасына бірлескен кепілдікті берді. 2009 жылы ҚТГ Тбилиси қарыз шартының кейбір ережелерін бұзып, пайыздарды төлеуді доғарды. 2009 жылғы желтоқсанда Топ ЛИБОР + 7,3% пайыздық мөлшерлемемен және 2014 жылғы ақпанда өтеу мерзімімен «Credit Suisse» жаңа қарыз алды және қосалқы-консорциалды келісімге қолын қойды. Қосалқы-консорциалды келісімге сәйкес Credit Suisse алынған қарыз бойынша ҚТГ Тбилисидің құқықтары мен міндеттемелері Топқа берілді. 2014 жылғы ақпанда Топ бұл қарызды және 72.582 мың теңге мөлшерінде есептелген пайыздарды толығымен өтеді.

**«Сбербанк» ЕБ АҚ**

2013 жылғы 9 қыркүйекте айналым капиталын толықтыруға, 6,5% -бен 9.000.000 мың теңге сомаға жаңартылатын несие желісін ашу туралы шартқа сәйкес «Сбербанк Қазақстан» ЕБ АҚ Топқа 4.629.227 мың теңге сомаға қосымша қаржыландыру берді. 2014 жылы Топ 4.629.227 мың теңге мөлшерінде негізгі борышты және 507.788 мың теңге (2013 жылы: 100.927 мың теңге) мөлшерінде ай сайын есептелген пайыздарды өтеді. 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың бұл қарыз бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілге салынған активтері жоқ.

**«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ**

2014 жылдың ішінде 13 (он үш) жылға дейінгі ең ұзақ қарыз мерзімімен 8,2% -бен 21.485.004 мың теңге сомасына 2014 жылғы 12 наурызда жаңартылатын несие желісін ашу туралы келісімге сәйкес «Қазақстан Даму Банкі» АҚ Топқа «ОҚО газ бөлу жүйесін жаңарту» жобасы бойынша 13.164.028 мың теңге сомасына қосымша қаржыландыруды берді. 1-ші сублимит шеңберінде алынған қарыздар сомасы 2014 жылғы қарашадан бастап 669.897 мың теңге мөлшерінде жартыжылдық төлемдермен өтелуі тиіс. 2014 жылдың ішінде Топ 435.992 мың теңге мөлшерінде негізгі борышты, сондай-ақ 355.369 мың теңге мөлшерінде ай сайын есептелген пайыздарды өтеді.

2014 жылдың ішінде 15 жылға дейінгі ең ұзақ қарыз мерзімімен 8,1% -бен 16.400.000 мың теңге сомасына 2013 жылғы 17 шілдеде жаңартылатын несие желісін ашу туралы келісімге сәйкес «Қазақстан Даму Банкі» АҚ Топқа «Тараз қ. ГБЖ жаңарту» жобасы бойынша 2.806.112 мың теңге сомасына қосымша қаржыландыруды берді. 1-ші сублимит шеңберінде алынған қарыздар сомасы 2015 жылғы қыркүйектен бастап 165.065 мың теңге мөлшерінде жартыжылдық төлемдермен өтелуі тиіс. 2014 жылдың ішінде Топ 221.249 мың теңге мөлшерінде ай сайын есептелген пайыздарды өтеді.

2007 жылғы 12 маусымдағы банктік қарыз шартына сәйкес 1.814.028 мың теңге сомадағы қарыз 113.337 мың теңге мөлшерінде жартыжылдық төлемдермен өтелуі тиіс. Бұл қарыз «Өзен-Жетібай газ құбырының резервтік желісі» жобасын іске асыру үшін тартылды.

2014 жылдың ішінде Топ 226.754 мың теңге (2013 жылы: 226.754 мың теңге) мөлшерінде негізгі борыш сомасын, сондай-ақ 168.758 мың теңге (2013 жылы: 198.976 мың теңге) мөлшерінде ай сайын есептелген пайыздарды өтеді.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 15. ПАЙЫЗДЫҚ ҚАРЫЗДАР (жалғасы)

**«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ (жалғасы)**

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың бұл қарыздар бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілге салынған активтері жоқ.

2014 жылы Топ 291.912 мың теңге (2013 жылы: нөл теңге) сомасында бұл қарыздар бойынша қаржылық шығындарды аяқталмаған күрделі құрылысқа түсімдер ретінде капиталдандырды.

**«HSBC Bank Plc»**

2005 жылғы 15 тамыздағы несиелік келісімге сәйкес «Trinkaus & Burkhardt KGAA» және «CITIGroup Global Markets Deutschland AG & CO.KGAA» Топқа доллардағы баламамен 44.763.860 еуро сомасында қарыз берді, бұл «MAN TURBO AG» мен Топ арасында жасалған Маңғыстау облысында «Опорная ГП «САЦ» компрессорлық станцияны әзірлеуге, жабдықты жеткізуге және салуға арналған Бас келісім құнының бір бөлігін білдіреді. Бұл несиелік келісімге сәйкес «HSBC Bank Plc» қаржы Агенті болып табылады. Несие келісімінің шарттарына сәйкес осы қарыз бойынша барлық төлемдер АҚШ долларында жасалады.

Топ бұл қарызды 2007 жылғы 30 қыркүйектен бастап жиырма бірізді тең жартыжылдық төлемдермен төлеп отыр. Сыйақы жылдық 0,3% қоса алты айлық ЛИБОР мөлшерлемесі бойынша есептеледі және жартыжылдық төлемдермен төленеді. Қосымша, Топ көрсетілген қарыздың таңдалмаған сомасына есептелетін жылына 0,1% мөлшеріндегі міндеттеме үшін комиссияны төлейді.

## 16. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ СЫЙАҚЫЛАР БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2013 жылы ИОА қызметкерлерге әлеуметтік төлемдерге арналған жаңа ұжымдық шартты жасады. Қызметкерлерге төлемдер басқа да ұзақ мерзімді төлемдер ретінде қарастырылады. Осы төлемдерді алу құқығы негізінен қызметтің ең аз мерзімі аяқталуына тәуелді. Осы төлемдердің күтілетін құны белгіленген төлемдері бар жоспар үшін пайдаланылатынға ұқсас есепке алу әдістемесін пайдалана отырып қызмет мерзімі ішінде есептеледі. Мұндай сыйақылар активтермен қамтамасыз етілмеген.

Белгіленген төлемдері бар жәрдемақылар төлеу бойынша міндеттемелердегі өзгерістер, мынадай түрде берілген:

| *Мың теңгемен* | 2014 | 2013 |
|---|---|---|
| Жылдың басына белгіленген төлемдері бар жәрдемақылар төлеу бойынша міндеттемелердің ағымдағы құны | **2.688.410** | 974.288 |
| Ағымдағы қызметтердің құны | **298.145** | 198.409 |
| Өткен жылдар қызметтерінің құны | – | 668.019 |
| Пайыздар бойынша шығындар | **215.073** | 77.943 |
| Актуарлық залалдар | **(137.129)** | 813.931 |
| Төленген сыйақылар | **(51.182)** | (44.180) |
| **Жыл соңына сыйақы бойынша белгілі бір міндеттемелердің келтірілген құны** | **3.013.317** | 2.688.410 |
| Минусы: қызметкерлердің сыйақысы бойынша міндеттемелердің келтірілген құнының қысқа мерзімді бөлігі | **(53.009)** | (36.468) |
| **Қызметкерлердің сыйақысы бойынша міндеттемелердің келтірілген құнының ұзақ мерзімді бөлігі** | **2.960.308** | 2.651.942 |

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 16. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ СЫЙАҚЫЛАР БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылған сомалар былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | 2014 | 2013 |
|---|---|---|
| Жылдың аяғына белгіленген төлемдері бар жәрдемақылар төлеу бойынша міндеттеменің келтірілген құны | **3.013.317** | 2.688.410 |
| **Таза міндеттемелер** | **3.013.317** | 2.688.410 |
| Ағымдағы қызметтердің құны | **298.145** | 198.409 |
| Өткен жылдар қызметтерінің құны | **–** | 668.019 |
| Дисконт амортизациясы *(27-ескертпе)* | **215.073** | 77.943 |
| Актуарлық (кірістер)/шығындар | **(137.129)** | 813.931 |
| **Ағымдағы кезеңде танылған шығыстар** | **376.089** | 1.758.302 |

Актуарлық шығындарға басқа да жиынтық кіріс қосылған. Ағымдағы қызметтердің және өткен жылдар қызметтерінің құны сатылған өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны, жалпы және әкімшілік шығыстар мен басқа да операциялық шығыстар құрамында жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке кіргізілген.

Сыйақы бойынша міндеттемелерді есептеулерде пайдаланылған негізгі актуарлық жорамалдар былайша көрсетілген:

| | 2014 | 2013 |
|---|---|---|
| Дисконттау мөлшерлемесі | **8%** | 8% |
| Жалақының келешек артуы | **7%** | 7% |
| Өлім деңгейі | **16%** | 16% |

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 17. РЕЗЕРВТЕР

| *Мың теңгемен* | Газды тасымалдау шығыстары бойынша резерв | Ұңғымаларды жою, учаскені қалпына келтіру және тарихи шығындар | Газ құбырларын жою және учаскелерді қалпына келтіру бойынша резерв | Кепілдік бойынша резервтер | Салықтар бойынша резервтер | Концессия шарты бойынша резерв | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **2012 жылдың 31 желтоқсанына** | 10.788.122 | 1.202.200 | – | 2.094.170 | 820.931 | – | 14.905.423 |
| Жыл ішінде ұлғаю | – | – | – | 666.061 | 1.335.673 | 1.956.806 | 3.958.540 |
| Бағалаудағы өзгеріс | 10.479.374 | 1.162.766 | – | – | – | – | 11.642.140 |
| Бағамдық айырма | – | 13.632 | – | 89.721 | – | – | 103.353 |
| Дисконт амортизациясы *(27-ескертпе)* | – | 164.011 | – | – | – | – | 164.011 |
| Пайдаланылмаған сомаларды қайтару | – | – | – | – | (321.157) | – | (321.157) |
| Пайдаланылды | – | (172.031) | – | – | – | – | (172.031) |
| **2013 жылдың 31 желтоқсанына** | 21.267.496 | 2.370.578 | – | 2.849.952 | 1.835.447 | 1.956.806 | 30.280.279 |
| Жыл ішінде ұлғаю | **5.507.927** | **206.216** | **35.276.662** | **651.556** | **103.681** | **–** | **41.746.042** |
| Бағалаудағы өзгеріс | **(9.580.077)** | **–** | **–** | **–** | **–** | **–** | **(9.580.077)** |
| Бағамдық айырма | **–** | **108.547** | **–** | **83.928** | **–** | **–** | **192.475** |
| Дисконт амортизациясы *(27-ескертпе)* | **–** | **155.679** | **322.943** | **–** | **–** | **–** | **478.622** |
| Пайдаланылмаған сомаларды қайтару | **–** | **–** | **–** | **–** | **(499.774)** | **(1.956.806)** | **(2.456.580)** |
| Пайдаланылды | **(3.866.678)** | **(175.820)** | **–** | **–** | **–** | **–** | **(4.042.498)** |
| **2014 жылдың 31 желтоқсанына** | **13.328.668** | **2.665.200** | **35.599.605** | **3.585.436** | **1.439.354** | **–** | **56.618.263** |
| **2014 жылғы 31 желтоқсанға ағымдағы резервтер** | **13.328.668** | **211.130** | **–** | **3.585.436** | **1.439.354** | **–** | **18.564.588** |
| **2014 жылғы 31 желтоқсанға ұзақ мерзімді резервтер** | **–** | **2.454.070** | **35.599.605** | **–** | **–** | **–** | **38.053.675** |
| 2013 жылғы 31 желтоқсанға ағымдағы резервтер | 21.267.496 | 125.661 | – | 2.849.952 | 1.835.447 | 1.956.806 | 28.035.362 |
| 2013 жылғы 31 желтоқсанға ұзақ мерзімді резервтер | – | 2.244.917 | – | – | – | – | 2.244.917 |

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 17. РЕЗЕРВТЕР (жалғасы)

Топ ҚТГ – Тбилиси берешегін қамтамасыз ету ретінде «Грузия Банкінің» пайдасына өтелмеген кепілдік бойынша міндеттемелерді көтереді. Бұл кепілдікпен қамтамасыз етілген берешек сомасын 10.000.000 АҚШ доллары (баламасы 1.823.500 мың теңге) құрады. 2009 жылғы қаңтарда ҚТГ-Тбилиси қарыздың негізгі сомасы мен есептелген пайыздар бойынша төлем жасауды тоқтатты. 2010 жылдың ішінде «Грузия Банкі» сот процесін бастап, 2011 жылғы 25 қарашада Лондонның арбитраждық соты берілген кепілдік бойынша өндіріп алу туралы шешімді қабылдады: 14.175.001 АҚШ доллары (баламасы 2.584.811 мың теңге) жалпы сомаға «Грузия Банкі» пайдасына қарыз сомасын, сыйақыны және сот шығыстарын. 2014 жылы Топ 735.484 мың теңге сомаға қосымша резервті құрды, әрі ол төлем мерзімін кешіктіргені үшін өсімпұлды және басқа да шығыстарды білдіреді (2013 жылы: 755.782 мың теңге). 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша есептелген резервтің жалпы сомасы 19.662.386 АҚШ доллары (баламасы 3.585.436 мың теңге) болды.

2014 жылдың ішінде Топ салық міндеттемесінің шағымдану мерзімінің өтуіне орай 499.774 мың теңге мөлшерінде 2010 жылға дейін есептелген салықтар бойынша резервтерді сторнациялады (2013 жылы: 2009 жылға дейін есептелген 321.157 мың теңге).

Негізгі құралдарды орнату кезінде Топ магистральдық газ құбырларын дисконтталған негізде пайдаланудан шығару бойынша келешек шығындарға арналған резервті толық көлемде құрды. Газ құбырларын жою және учаскені қалпына келтіру бойынша 35.599.605 мың теңге сомасындағы резерв 2021 жылдан бастап 2084 жылға дейінгі кезеңде болады деп күтілетін негізгі құралдарға жататын газ құбырларын жою және учаскені қалпына келтіру шығындарының ағымдағы құнын білдіреді.

2014 жылғы 31 желтоқсанға инфляцияның ұзақ мерзімді үрдісі мен газ құбырларын жою және учаскені қалпына келтіру бойынша міндеттемелерді айқындау үшін пайдаланылған дисконт мөлшерлемесі тиісінше 3,22% және 10,09% болды (2013 жылғы 31 желтоқсанға: тиісінше 3% және 7%).

### 18. БАСҚА ДА ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

| *Мың теңгемен* | 2014 | 2013 |
|---|---|---|
| Келешек кезеңдер кірістері | **5.368.212** | 6.051.100 |
| Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер | **226.430** | 320.872 |
| Төленуге жататын вексельдер | **–** | 845.493 |
| | **5.594.642** | 7.217.465 |

Келешек кезеңдер кірістері халықтан және жергілікті билік органдарынан алынған өтеусіз бөлінген газ құбырлары бойынша туындайды

### 19. САУДА ЖӘНЕ БАСҚА ДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

| *Мың теңгемен* | 2014 | 2013 |
|---|---|---|
| Үшінші тараптардың алдында | **31.773.511** | 31.791.590 |
| Байланысты тараптардың алдында *(30-ескертпе)* | **26.339.062** | 9.467.154 |
| | **58.112.573** | 41.258.744 |

Сауда және басқа да кредиторлық берешек сатып алынған газ үшін және активтер мен қызметтер үшін берешекті білдіреді. Сауда кредиторлық берешек пайызсыз болып табылады, сол бойынша есептер әдетте 30 күнге дейінгі мерзімде жүзеге асырылады және теңгемен берілген.

### 20. ГАЗ ҚАРЫЗДАРЫ БОЙЫНША БЕРЕШЕК

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың газ қарызы бойынша берешегі жоқ (2013 жылғы 31 желтоқсанда: 5.744.418 мың теңге).

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 21. АЛЫНҒАН АВАНСТАР

| *Мың теңгемен* | 2014 | 2013 |
|---|---|---|
| Үшінші тараптардан алынған аванс | **2.915.105** | 2.718.341 |
| Байланысты тараптардан алынған аванс *(30-ескерту)* | **731.929** | 580.745 |
| | **3.647.034** | 3.299.086 |

### 22. ӨЗГЕ АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

| *Мың теңгемен* | 2014 | 2013 |
|---|---|---|
| Сыйлықақылар бойынша есептелген резерв | **2.550.168** | 1.338.584 |
| Жалақы бойынша берешек | **1.490.878** | 2.323.349 |
| Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резерв | **1.357.625** | 1.220.236 |
| Зейнетақы аударымдары | **623.539** | 736.297 |
| Тендерлер бойынша алдын ала төлем | **461.364** | 531.154 |
| Келешек кезеңдер кірістері | **372.856** | 391.056 |
| Өзге | **1.737.442** | 1.532.348 |
| | **8.593.872** | 8.073.024 |

2014 жылғы 31 желтоқсандағы және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша міндеттемелер теңгемен көрсетілді.

### 23. ӨТКІЗІЛГЕН ӨНІМНЕН ЖӘНЕ КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДЕН ТҮСКЕН КІРІСТЕР

| *Мың теңгемен* | 2014 | 2013 |
|---|---|---|
| **Газды тасымалдау бойынша қызметтер** | | |
| Орта азиялық газды тасымалдау (транзит) | **63.542.562** | 54.605.088 |
| Ресей газын тасымалдау (транзит) | **17.949.714** | 18.489.944 |
| Қазақстан ішінде газды тасымалдау | **16.923.057** | 14.549.517 |
| Қазақстаннан тыс жерлерге газды тасымалдау | **17.061.220** | 13.374.791 |
| Қырғыз газын тасымалдау (транзит) | **–** | 73.708 |
| | **115.476.553** | 101.093.048 |
| Газды ішкі нарықты өткізуден түскен кірістер | **139.585.722** | 102.407.723 |
| Газды экспортқа шығарудан түскен кірістер | **71.886.662** | 79.153.493 |
| Газ құбырларына қызмет көрсету | **2.023.108** | 5.662.925 |
| | **328.972.045** | 288.317.189 |

2013 жылғы 31 желтоқсанда Топ «Gazprom Schweiz AG»-мен 3.350.000 мың текше метрге дейінгі көлемде 2014 жылы газ экспортына келісімшартқа қолын қойды. 2014 жылдың ішінде Топ аталған көлемнен 65.834.029 мың теңге жалпы сомаға 1.667.890 мың текше метр (2013: 71.552.412 мың теңге жалпы сомаға 2.162.229 мың текше метр) көлемінде газды жеткізді.

2014 жылдың ішінде қызмет көрсетуден түскен кірістердің жалпы көлемінің 68,9% «Газпром» тобының компанияларына (2013 жылдың ішінде: 71,1%) келесі келісімшарттар бойынша келді:

- 2011 жылғы 26 қаңтардағы Түркменстан мен Өзбекстаннан қазақстандық-ресейлік шекараның экспорттық нүктесіне дейін газды тасымалдауға арналған бес жылдық келісімшарт. Бұл келісімшартта орта азиялық газды жылына 28 миллиард текше метрге дейінгі көлемде тасымалдау көзделген.
- Ресейлік табиғи газды Қазақстанның солтүстік-батысындағы Орынбор-Новопсков газ құбыры бойынша тасымалдауға арналған 2011 жылғы 26 қаңтардағы бес жылдық келісімшарт. Бұл келісімшартта 2014 жылы табиғи газды 45,6 миллиард текше метрге дейін тасымалдау көзделген.
- Ресейлік табиғи газды Қазақстанның солтүстік-батысындағы Орынбор-Новопсков газ құбыры бойынша тасымалдауға арналған 2014 жылғы 30 қаңтардағы бір жылдық келісімшарт. Бұл келісімшартта 2014 жылы табиғи газды 12,5 миллиард текше метрге дейін тасымалдау көзделген

## 23. ӨНІМДІ ӨТКІЗУДЕН ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУДЕН ТҮСКЕН КІРІСТЕР (жалғасы)

«Газпром»-ға тасымалдау бойынша қызмет көрсетуге арналған келісімшарттарға сәйкес тасымалдау келісімшарттық тасымалдау көлемінің 80% мөлшерінде «сатып алушыны тауарды қабылдауға немесе тұрақсыздық айыбын төлеуге міндеттейтін» қағидатқа негізделген.

Жоғарыда көрсетілген «Газпром»-мен қызмет көрсету келісімшарттарына сәйкес Топ кез келген дәлелденген тікелей шығындар немесе «Газпром» жеткізілмей қалған газ көлемі үшін төленген нақты айыппұлдар үшін жауапкершілік көтереді.

2014 және 2013 жылдардың 31 желтоқсанына Топ басшылығы көрсетілген қызметтерді көрсетуге арналған келісімшарттарға сәйкес жауапкершілік туралы бұл ережеге қатысты «Газпром» алдында қандай да бір міндеттемелер жоқ деп есептейді.

## 24. ӨТКІЗІЛГЕН ӨНІМ МЕН КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

| *Мың теңгемен* | **2014** | 2013 |
|---|---|---|
| Өткізілген газдың өзіндік құны | **141.745.184** | 118.989.846 |
| Жалақы және тиісті аударымдар | **28.704.632** | 24.807.734 |
| Тозу және таусылу | **28.060.652** | 22.305.445 |
| Көлік шығыстары | **13.227.825** | 10.728.737 |
| Өзінің мұқтаждықтарына арналған газ және басқа да материалдар | **9.366.768** | 7.943.419 |
| Табыс салығынан басқа салықтар | **5.109.662** | 4.317.818 |
| Жөндеу шығыстары | **4.321.140** | 4.390.701 |
| Биллинг қызметтері | **2.792.077** | 2.427.331 |
| Техникалық қызмет көрсету | **2.779.997** | 2.082.222 |
| Концессия шарты бойынша шығыстар | **1.931.153** | 4.039.093 |
| Электр энергиясы | **1.482.686** | 1.321.443 |
| Іссапар шығыстары | **988.994** | 1.100.710 |
| Өзге | **1.962.566** | 5.223.457 |
| | **242.473.336** | 209.677.956 |

## 25. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

| *Мың теңгемен* | **2014** | 2013 |
|---|---|---|
| Жалақы және тиісті аударымдар | **13.520.854** | 11.524.657 |
| Газды қарызға беру бойынша шығындарды өтеу | **11.074.720** | 781.673 |
| Күмәнді борыштар, берілген аванстар, ескірген және өтпейтін ТМҚ бойынша резервтегі өзгеріс, нетто | **1.194.161** | (892.930) |
| Консалтингтік қызметтер | **1.165.916** | 1.341.291 |
| Табыс салығынан басқа салықтар | **1.346.801** | 3.565.410 |
| Тозу және амортизация | **1.326.844** | 1.297.555 |
| Жалдау шығыстары | **1.207.626** | 973.391 |
| Жөндеу және техникалық қызмет көрсету | **903.428** | 477.829 |
| Демеушілік пен қайырымдылық | **483.997** | 813.092 |
| Қызметкерлерге берілген тұрғын үй өтемақыларының амортизациясы | **447.260** | 71.558 |
| Офисті ұстап тұру шығыстары | **466.009** | 370.373 |
| Іссапар шығыстары | **439.961** | 484.367 |
| Банк қызметтері | **424.040** | 345.173 |
| Мерекелік, мәдени-жаппай және спорттық іс-шараларды өткізу шығыстары | **396.037** | 167.494 |
| Кадрларды даярлау және біліктілікті арттыру | **230.308** | 254.259 |
| Көлік шығыстары | **227.948** | 210.387 |
| Қауіпсіздікті қамтамасыз ету шығыстары | **183.406** | 229.312 |
| Өзге | **2.036.900** | 1.779.949 |
| | **37.076.216** | 23.794.840 |

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 26. ӨЗГЕ ДЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КІРІСТЕР/(ШЫҒЫСТАР)

| *Мың теңгемен* | 2014 | 2013 |
|---|---|---|
| **Өзге де операциялық кірістер** | | |
| Негізгі құралдарды шегеруден болған пайда, нетто | **5.452.092** | – |
| Көрсетілген қызметтер бойынша кірістер (үйішілік газды қызмет көрсету, қосылу, техникалық қызмет көрсету) | **4.571.151** | 3.996.564 |
| Болашақ кезеңдер кірістерінің амортизациясы | **851.718** | 311.011 |
| Айыппұлдардан түскен кіріс | **304.514** | 240.049 |
| ТМҚ өткізуден түскен кіріс | **195.270** | 200.049 |
| Өзге | **2.823.645** | 457.831 |
| | **14.198.390** | 5.205.504 |
| **Өзге де операциялық шығыстар** | | |
| Көрсетілген қызметтер бойынша шығыстар (үйішілік газды қызмет көрсету, қосылу, техникалық қызмет көрсету) | **(1.814.150)** | (1.025.749) |
| Газ қарыздарының операциялары бойынша шығыстар | **(1.600.548)** | (1.197.857) |
| Жалақы және тиісті салықтар | **(1.264.045)** | (1.523.187) |
| Негізгі құралдардың құнсыздануынан болған шығын | **(794.395)** | (939.375) |
| Басқа активтердің тозуы және амортизациясы | **(51.937)** | (113.846) |
| Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді өткізуден болған залал | **–** | (740.520) |
| Өзге | **(680.431)** | (469.026) |
| | **(6.205.506)** | (6.009.560) |

Негізгі құралдардың шығуынан болған пайдаға негізінен мүліктік кешенді өткізуден түскен пайда кіреді. 2014 жылы Топ және «ҚазМұнайГаз» Астана қаласында орналасқан мүліктік кешенді сату бойынша 8.483.051 мың теңге сомаға шарт жасады. Өткізу күніне активтің баланстық құны 1.738.842 мың теңге болды, осыған орай Топ жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген 7.574.153 мың теңге мөлшерінде пайда алды.

## 27. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР МЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫНДАР

| *Мың теңгемен* | 2014 | 2013 |
|---|---|---|
| **Қаржылық кірістер** | | |
| Банктердегі салымдар бойынша пайыздық кіріс | **2.817.698** | 1.404.953 |
| Пайызсыз қарыздар және төленуге жататын вексельдер бойынша пайыздық кіріс | **149.277** | 14.213 |
| Өзге | **43.970** | 27.235 |
| | **3.010.945** | 1.446.401 |
| **Қаржылық шығындар** | | |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша пайыздар | **(9.452.132)** | (5.241.216) |
| Банктік қарыздар мен овердрафттар бойынша пайыздар | **(2.800.919)** | (1.510.712) |
| Қарыздарды ұйымдастырумен байланысты қосымша шығындар амортизациясы | **(1.060.053)** | – |
| Қаржы кепілдігі | **(651.556)** | (666.061) |
| Дисконт амортизациясы – тарихи шығындар бойынша және активтерді жою бойынша міндеттемелер *(17-ескертпе)* | **(478.622)** | (164.011) |
| Қызметкерлер сыйақыларының міндеттемелері бойынша дисконт амортизациясы *(16-ескертпе)* | **(215.073)** | (77.943) |
| Қаржылық міндеттемелер бойынша дисконт амортизациясы | **(184.666)** | – |
| Өзге | **(426.968)** | (297.026) |
| | **(15.269.989)** | (7.956.969) |

## 28. ТЕРІС БАҒАМДЫҚ АЙЫРМА, НЕТТО

2014 жылғы 13 ақпанда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі теңге бағамын АҚШ долларына және басқа да негізгі валюталарға қатысты түзетті. Түзетуден кейін айырбас бағамы 1 АҚШ долларына 155,56 теңгеден 1 АҚШ долларына 184,50 теңгеге дейін өсті. Теңгенің түзетілуі 15.018.749 мың теңге сомасында таза теріс бағамдық айырмаға әкеп соқтырды, соның салдарынан, Топтың АҚШ долларымен білдірілген елеулі борыштық міндеттемелері мен банктік қарыздары бар.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 29. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

Топқа 20% қолданыстағы ресми мөлшерлеме бойынша корпоративтік табыс салығы салынады.

| *Мың теңгемен* | 2014 | 2013 |
|---|---|---|
| Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар | **12.395.147** | 11.089.666 |
| Өткен жылдың табыс салығын түзету | **331.194** | (399.402) |
| Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша шығыстар | **398.458** | 3.727.090 |
| Үстеме пайда салығы бойынша шығыстар | **–** | 1.335.763 |
| | **13.124.799** | 15.753.117 |

Төменде 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін ағымдағы табыс салығының шығыстарымен бірге табыс салығының ресми мөлшерлемесі бойынша салық салынғанға дейінгі пайдаға/(шығынға) қолданылатын корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстардың салыстырылуы келтірілген:

| *Мың теңгемен* | 2014 | 2013 |
|---|---|---|
| **Салық салынғанға дейінгі (шығын)/пайда** | **(7.043.020)** | 66.206.461 |
| Ресми салық мөлшерлемесі | **20%** | 20% |
| **Табыс салығы бойынша (үнемділік)/шығыстар** | **(1.408.604)** | 13.241.292 |
| **Тұрақты айырмалардан салық әсері** | | |
| Бірлескен кәсіпорындардың шығынындағы/(пайдасындағы) үлесі | **7.436.121** | (3.997.523) |
| ҚҚС бойынша шығындарды өтеу шығыстары | **2.214.944** | – |
| Алдыңғы жылдың мерзімі ұзартылған табыс салығына қатысты түзету | **378.438** | 366.074 |
| Қызметкерлердің сыйақылары бойынша мерзімі ұзартылған активтің мойындалуын тоқтату | **720.915** | – |
| Алдыңғы жылдың ағымдағы табыс салығына қатысты түзету | **331.194** | (399.402) |
| Есептен шығарылмайтын айыппұлдар мен өсімпұлдар | **9.702** | 794.397 |
| Есептен шығарылмайтын қайырымдылық шығыстары | **230.859** | 223.940 |
| Мерзімі ұзартылған салық бойынша танылмаған активтегі өзгеріс | **980.669** | 3.506.762 |
| Есепке алынуға рұқсат етілмеген ҚҚС | **3.014** | 118.490 |
| Үстеме пайда салығы | **–** | 1.335.763 |
| Төленуге жататын ұзақ мерзімді вексельдер бойынша дисконт | **436.645** | (572.050) |
| «Самұрық Энерго» акцияларын өткізуден түскен кіріс | **–** | 331.778 |
| Негізгі құралдарды өткізуден болған залал | **158.879** | 128.374 |
| Газ қарызы бойынша міндеттемені ұлғайту | **320.110** | 181.443 |
| Өзге | **1.311.913** | 493.779 |
| **Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген табыс салығы бойынша шығыстар** | **13.124.799** | 15.753.117 |

2014 және 2013 жылдардың 31 желтоқсанына мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелердің компоненттері төмендегідей көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | 2014 | 2013 |
|---|---|---|
| **Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер** | | |
| Сенімгерлік басқару шартынан болған шығын | **6.672.019** | – |
| Көлік шығындары бойынша резерв | **3.743.163** | 4.872.470 |
| Келешек кезеңдер кірістері | **1.148.214** | 1.278.629 |
| Кейінге ауыстырылған салық залалы | **3.332.071** | 1.074.228 |
| Қызметкерлерге сыйақылар | **–** | 720.915 |
| Салықтар | **54.456** | 153.559 |
| Басқа да резервтер | **1.186.243** | 574.318 |
| Іске асырылмаған пайда | **226.601** | – |
| Өзге | **225.773** | 292.275 |
| Минусы: кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелерімен бірге есептелген кейінге қалдырылған салық бойынша активтер | **(7.124.442)** | (6.143.773) |
| | **9.464.098** | 2.822.621 |
| **Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер** | | |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер | **(32.617.749)** | (25.614.460) |
| Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер | **(50.221)** | (13.575) |
| | **(32.667.970)** | (25.628.035) |
| **Мерзімі ұзартылған салық бойынша таза міндеттемелер** | **(23.203.872)** | (22.805.414) |

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 29. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР (жалғасы)

| *Мың теңгемен* | 2014 | 2013 |
|---|---|---|
| 1 қаңтарға таза міндеттеме | **(22.805.414)** | (19.078.324) |
| Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке жатқызылатын сома | **(398.458)** | (3.727.090) |
| **31 желтоқсанға мерзімі ұзартылған салық бойынша таза міндеттемелер** | **(23.203.872)** | (22.805.414) |

Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер Топтың түрлі кәсіпорындарына жатады және салық заңнамасына сәйкес бір біріне қарсы есепке алына алмайды. Топ кәсіпорындарының мерзімі ұзартылған салықтар бойынша нетто позициясы былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | 2014 | 2013 |
|---|---|---|
| Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер | **226.448** | 446.115 |
| Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер | **(23.430.320)** | (23.251.529) |
| **31 желтоқсанға мерзімі ұзартылған салық бойынша таза міндеттемелер** | **(23.203.872)** | (22.805.414) |

## 30. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР

Байланысты тараптарға Топтың негізгі басқарушы қызметкерлері, елеулі үлес тікелей немесе жанама түрде Топтың негізгі басқарушы қызметкерлеріне, ҚазМұнайГаз тобының компанияларына (жалпы бақылау астындағы ұйымдарға) тиесілі болатын ұйымдар, бас компания қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар және Самұрық-Қазына мен Үкімет бақылайтын компаниялар (мемлекет бақылайтын басқа да ұйымдар) кіреді.

### Байланысты тараптармен жасалатын мәмілелердің ережелері мен шарттары

Байланысты тараптармен мәмілелер үшінші тараптарға қолданылған тарифтердің талаптарында көрсетілетін газды тасымалдау қызметтерін қоспағанда, нарықтық мөлшерлемелер бойынша міндетті түрде жүзеге асырылмаған тараптардың арасында келісілген талаптарда жүзеге асырылды. Байланысты тарапқа берілген кепілдіктер бар. Кезең соңына өтелмеген қалдықтардың қамтамасыз етуі жоқ, олар пайызсыз болып табылады және есеп айырысулар, бұдан әрі көрсетілгенді қоспағанда, ақшалай жасалады. 2014 және 2013 жылдардың 31 желтоқсанына аяқталған жылдар үшін Топ байланысты тараптардың берешек сомаларына жататын дебиторлық берешектің қандай да бір құнсыздануын мойындамады.

2014 және 2013 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін байланысты тараптармен жасалған негізгі мәмілелер былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | 2014 | 2013 |
|---|---|---|
| **Тауарлар мен қызметтерді сату** | | |
| ҚазМұнайГаздың жалпы бақылауындағы ұйымдар | **8.866.643** | 1.001.452 |
| Топ қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | **4.080.541** | 7.047.390 |
| Бас компания қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | **12.880.536** | 13.261.289 |
| «Самұрық-Қазына» мен Үкіметтің бақылауындағы ұйымдар | **35.563.900** | 27.251.557 |
| «Самұрық-Қазына» және Үкімет қатысушысы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | **11.740.469** | 5.531.664 |
| | **73.132.089** | 54.093.352 |
| **Тауарлар мен қызметтерді сатып алу** | | |
| «ҚазМұнайГаз»-дың жалпы бақылауындағы ұйымдар | **8.892.409** | 7.427.817 |
| Топ қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | **23.281.260** | 1.898.448 |
| Бас компания қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | **46.140.172** | 33.713.617 |
| «Самұрық-Қазына» мен Үкіметтің бақылауындағы ұйымдар | **570.427** | 532.192 |
| | **78.884.268** | 43.572.074 |
| **Сауда және басқа да дебиторлық берешек, пайызсыз қарыздар, берілген аванстар және басқа да ұзақ мерзімді активтер** | | |
| «ҚазМұнайГаз»-дың жалпы бақылауындағы ұйымдар | **8.465.408** | 43.995 |
| Топ қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | **27.193.672** | 2.515.693 |
| Бас компания қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | **4.490.816** | 3.516.115 |
| «Самұрық-Қазына» мен Үкіметтің бақылауындағы ұйымдар | **4.622.933** | 3.067.421 |
| «Самұрық-Қазына» және Үкімет қатысушысы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | **1.205.966** | – |
| | **45.978.795** | 9.143.224 |

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 30. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР (жалғасы)

### Байланысты тараптармен жасалатын мәмілелердің ережелері мен шарттары (жалғасы)

| *Мың теңгемен* | 2014 | 2013 |
|---|---|---|
| **Сауда және басқа да кредиторлық берешек, алынған аванстар және басқа да ағымдағы міндеттемелер** | | |
| «ҚазМұнайГаз»-дың жалпы бақылауындағы ұйымдар | **9.538.198** | 857.686 |
| Топ қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | **21.296.164** | 4.500.413 |
| Бас компания қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | **3.964.159** | 4.404.831 |
| «Самұрық-Қазына» мен Үкіметтің бақылауындағы ұйымдар | **209.622** | 134.284 |
| «Самұрық-Қазына» және Үкімет қатысушысы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | **256.907** | 184.527 |
| | **35.265.050** | 10.081.741 |

| *Мың теңгемен* | 2014 | 2013 |
|---|---|---|
| **Банктердегі қаражат** | | |
| «Альянс Банк» АҚ | **1.058.281** | 8.781.000 |
| «Астана Финанс» АҚ | – | 50.363 |
| «БТА Банкі» АҚ | – | 4.684 |
| | **1.058.281** | 8.836.047 |

### Негізгі басқарушы персоналға төленетін сыйақы

Негізгі басқарушы персоналға Басқарма мүшелері, Топ департаменттерінің директорлары мен олардың орынбасарлары кіреді, олардың жалпы саны 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 36 адам (2013 жылы: 34). 2014 және 2013 жылдары негізгі басқарушы персоналға төленген сыйақының жалпы сомасы 839.438 мың теңге және тиісінше 503.756 мың теңге болды, әрі ол жалақы мен басқа да қысқа мерзімді сыйақылардан тұрды және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептің жалпы және әкімшілік шығыстар құрамына қосылды.

## 31. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

### Концессия шартындағы өзгерістер

«Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 мамырдағы № 516 Қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының газ көлік жүйесінің негізгі активтері күйіндегі республикалық мүлік 2013 жылғы 31 шілдедегі айырбас шарты бойынша «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының меншігіне берілуі тиіс. «Самұрық-Қазына»-ға газ көлік жүйесінің активтерін беру үшін Концессия шартының тоқтатылуы қажет еді. 2014 жылғы 19 тамызда «ИОА» еурооблигацияларды ұстаушыларының Концессия шартының бұзылуы және активтердің берілуі бойынша еурооблигацияларды шығару проспектісінің талаптарына өзгерістерді енгізуге келісімдерін алды.

2014 жылғы 5 желтоқсандағы Концессия шартын бұзу туралы келісімге сәйкес тараптар бір бірін Концессия шарты бойынша барлық міндеттемелерден босатады. Бір мезгілде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің, «Самұрық-Қазына» мен «ИОА» арасында Мүлікті сенімгерлік басқару туралы үшжақты шарт жасалды. Бұзу туралы келісімге сәйкес Топ 1.956.806 мың теңге сомасында бұрын есептелген резервті сторнациялады.

### Қоршаған ортаны қорғау мәселелері

Топ түрлі зандарды және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ережелерді сақтауы тиіс. Басшылық Топ қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне қатысты заңнаманың талаптарын орындайды деп есептейді.

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 31. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

**Салық салу**

Қазақстандық салық, валюталық және кеден заңнамасы түрлі талқылауларға жол береді және жиі өзгеріп отырады. Топ басшылығының операцияларға және Топ қызметіне қатысты қолданылатын мұндай заңнаманы түсіндіруі тиісті органдармен дауланруы мүмкін. Қазақстанда болған жуырдағы оқиғалар салық органдары заңнаманы түсіндіру және салық есептеулерін тексеру кезінде барынша қатаң ұстанымды алуы мүмкін екендігіне нұсқап отыр. Салдарынан, салық органдары бұрын шағым қоймаған мәмілелер мен есепке алу әдістері бойынша шағымдар қоюы мүмкін. Нәтижесінде едәуір қосымша салықтар, өсімпұлдар мен айыппұлдар есептелуі мүмкін. Салық тексерулері тексеру жылының алдындағы қызметтің 5 (бес) күнтізбелік жылын қамтуы мүмкін. Белгілі бір жағдайларда тексеруге бұдан да ерте кезеңдер ұшырауы мүмкін.

**Салықтық тексерулер**

2014 жылғы 23 ақпанда Топ «Intergas Finance BV» сыйақы күйіндегі кірісті түпкі алушы болып табылатындығын ескере отырып, 2007-2009 жылдар үшін резидент еместерден КТС есептеу үшін ИОА-ның төмендетілген мөлшерлемені қолдану негізділігі туралы ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитетінен салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағымдарды қарау нәтижелері жөнінде Шешімді алды.

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті шағымды қарастырды, бұрын Салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарлама қайтарылып, қосымша есептелген сомалардың күші жойылды.

2011-2012 жылдары Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Салық комитеті «ИОА»-ның 2006-2009 жылдар аралығындағы кезеңді қамтитын кешенді салық тексеруін жүргізді. 2012 жылғы 27 желтоқсанда салықтық тексерудің нәтижелері туралы хабарламаны («Хабарлама») алды, әрі соның негізінде Топ 2007-2009 жылдары 960.890 мың теңге сомасында резидент еместерден корпоративтік табыс салығы және 777.175 мың теңге мен тиісінше 480.445 мың теңге мөлшерінде тиісті өсімпұлды және соған байланысты айыппұлдарды қосымша есептеді. Салық органдары 2004 жылғы 4 қарашадағы және 2007 жылғы 14 мамырдағы несиелік келісімдер бойынша («Несиелік келісімдер») «Интергаз Файнанс Б.В.» пайдасына Топтан пайыздарды төлеуге қатысты 15% ішкі мөлшерлеменің орнына, Қазақстан мен Нидерландтар арасындағы Қос салық салуды болдырмау жөніндегі конвенцияға сай қолданылатын резидент еместерден ұсталатын салық бойынша 10% төмендетілген мөлшерлеменің қолданылуын даулады *(14-ескертпе)*. Қос салық салуды болдырмау жөніндегі конвенция «Интергаз Файнанс Б.В.» Нидерландтардың салық резиденті және іс жүзінде пайыздық кірістің иесі болып табылатындығы шартымен, 10% төмендетілген салық мөлшерлемесін қолдануға мүмкіндік береді.

Бұрын басшылық 2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есебіне, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есебіне немесе ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есебіне елеулі теріс әсер етуі мүмкін ықтимал болатын салық міндеттемелері жоқ екендігін баян етті. Топ салықтар бойынша соған байланысты қандай да бір қосымша шығыстарды есептемеді. 2013 жылғы 11 ақпанда Топ Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Салық комитетіне тексеру нәтижелері бойынша алынған Хабарламаға шағым түсіріп, оны қайтарып алуды сұрады. 2013 жылғы 18 сәуірде Топ жауапты алу сәтіне дейін шетел мемлекеттерінің құзырлы органдарына сұратуды жіберуге байланысты ҚР Салық комитетінен шағымды қарау мерзімін тоқтата тұру туралы хабарландыруды алды. 2014 жылғы 23 ақпанда Топ № НК-14ЮЛ-А-18-7-НК-1611 шағымға жауап алды, соның нәтижесінде «Интергаз Файнанс Б.В.» төлем көзінен корпоративтік табыс салығын есептеу бөлігінде салықтық тексеру нәтижесінің күші жойылды.

Қазіргі уақытта 2014 жылғы 19 қарашадан бастап 2010-2013 жылдар аралығындағы кезеңде кешенді салық тексеруі жүргізілуде.

Басшылықтың пікірінше, 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша заңнаманың қолданыстағы ережелері дұрыс түсіндірілді және салық, валюта және кеден заңнамасына байланысты Топ орналасқан жағдайды сақтап қалу мүмкіндігі жоғары болып табылады.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 31. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

**Трансферттік баға белгілеу бойынша бақылау**

Қазақстанда трансферттік баға белгілеу бойынша бақылау кең спектрге ие және байланысты мәмілелер тарапы болып табыла ма немесе жоқ па екеніне қарамастан, халықаралық мәмілелермен тікелей немесе жанама байланысты көптеген операцияларда қолданылады. Трансферттік баға түзу туралы заң операцияларға қолданылатын барлық салықтар үшін талап етіледі, «қол ұшын беру» қағидаты бойынша белгіленген нарықтық бағалар негізінде есептелінеді.

Қазақстанда трансферттік баға белгілеу туралы жаңа заң 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді. Бұл заң анық белгіленген болып табылмайды және оның кейбір ережелері аз қолданылу тәжірибесіне ие. Оның үстіне, заңда әзірлеу кезеңінде тұрған егжей-тегжей нұсқаулықтар жоқ. Нәтижесінде, операциялардың әр алуан түрлеріне трансферттік баға белгілеу туралы заңды қолдану накты көрсетілген болып табылмайды.

Трансферттік баға белгілеу туралы Қазақстандық заңмен байланысты белгісіздіктің салдарынан салық органдарының ұстанымы Топтың ұстанымынан ерекшеленуі мүмкін деген тәуекел бар, бұл 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша салықтардың, айыппұлдар мен өсімпұлдардың қосымша сомаларына әкеп соқтыруы мүмкін. Басшылық 2014 жылғы 31 желтоқсанда трансферттік баға белгілеу бойынша қолданылатын заңнамада оны түсіндіру сәйкестендірілген болып табылады және Топтың трансферттік баға белгілеу жөніндегі ұстанымы расталады деген ықтималдық бар деп санайды.

**Сот процестері мен шағымдары**

Әдеттегі қызметті жүзеге асыру барысында сот процестері мен шағымдарының объектісі болып табылады. Басшылық, түпкі міндеттеме, егер мұндай процестермен немесе шағымдармен байланысты орын алатын болса, Топтың келешекте шоғырландырылған қаржылық жағдайына да, қызметінің қаржылық нәтижелеріне дей айтарлықтай теріс әсер етпейді деп есептейді.

**Басқа да кепілдіктер**

2008 жылдың маусымында Топ «Қазақстанның Халық Банкі» АҚ-ның пайдасына «Сервис Центр КазТурбоРемонт» ЖШС-не бұл банк берген қарыз бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілдігін берді. Бұл кепілдік 33.000.000 АҚШ долларын құрайтын және өтеу мерзімі 2014 жылдың маусымында болатын қарыздың жалпы сомасының 10.000.000 АҚШ доллары сомасына қарыздың бір бөлігін ғана өтейді. Кепілдіктің қолданылу мерзімі 2015 жылғы 10 қаңтарда аяқталады. Қарыз алушы банкпен несие желісінің қолданылу мерзімін 2015 жылдың соңына дейін ұзарту туралы келіссөздер жүргізуде және тиісінше, кепілдіктің қолданылу мерзімі ұзартылады. 2014 жылдың 31 желтоқсанына Топ басшылығы «Сервис Центр КазТурбоРемонт» ЖШС қарыз бойынша барлық талаптарды толығымен орындайды деп есептейді, тиісінше Топқа төлем жасауға тура келетіндігінің еш тәуекелі жоқ.

**«ПетроЧайна» шығыстарын өтеу бойынша міндеттемелер**

Газды қарызға беру туралы келісімнің шеңберінде Топтың «ПетроЧайна» алдында расталған шығындарды және «ПетроЧайна» газды қарыз алуына әрі оны қайтару процесіне орай шеккен залалдарды өтеу бойынша шарттық міндеттемелері бар. 2014 жылдың ішінде «ПетроЧайна» 164.226 мың АҚШ доллары (баламасы 29.946.588 мың теңге) жалпы мөлшерде газ қарызының 2, 3 және 4 транштары бойынша шығындардың өтелуін талап етті. Топ «ПетроЧайна» өтеуін талап ететін шығыстарды талдап, 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 73.094 мың АҚШ доллары (баламасы 13.328.668 мың теңге) сомасына бағалау міндеттемесін мойындады (2013 жылғы 31 желтоқсанға: 21.267.496 мың теңге) *(17-ескертпе)*. Өтелуге жататын сомалардағы алшақтықтар шығындардың келесі түрлері бойынша туындады: Өзбекстан аумағымен газды тасымалдау кезіндегі технологиялық шығындар, салықтар мен кедендік алымдарды төлеу шығыстары, Өзбекстаннан келген сапасыз газ үшін айыппұлдар, түрлі кезеңдерде газ бағасындағы айырма шығыны. Қазіргі уақытта Топ басшылығы «ПетроЧайна»-мен өтелуге жататын сомаларды келісу бойынша келіссөздер жүргізуде.

Басшылықтың пікірінше, 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ басшылықтың негізделген бағалауының негізінде бағалау міндеттемесін есептеді және Топ орын алған жағдайды сақтап қалу ықтималдылығы жоғары болып табылады.

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 31. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

**Сақтандыру мәселелері**

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру саласы даму халінде тұр, баска елдерде таралған сақтандырудың көптеген түрлері бүтіндей алғанда Қазақстан Республикасында қолжетімсіз, өндірістік процестің тоқтап қалуынан болған шығындарға, өндірістік құрылымдарға қатысты, сондай-ақ Топтың объектілерінде немесе оның қызметінің барысында болған апаттардың нәтижесінде мүлікке немесе қоршаған ортаға келтірілген зиянға орай үшінші тұлғалардың алдындағы жауапкершілікті толық сақтандыру өтемі жоқ. Баламалы сақтандыру өтемін алмайынша, кейбір активтердің бұзылу залалдарының және жоғалту тәуекелі болады, бұл Топ қызметінің шоғырландырылған қаржылық нәтижелеріне және оның шоғырландырылған қаржылық жағдайына айтарлықтай теріс ықпал етуі мүмкін.

**Қызметтерді сатып алу міндеттемелері**

2012 жылғы 25 желтоқсанда Топ Астана қаласында Жекпе-жек сарайын жобалау және салу бойынша кешенді жұмыстарды сатып алу туралы шартты жасады. Жалпы құнын ҚҚС сомасын ескере отырып 5.818.445 мың теңге құрайды. 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мердігерлік ұйым шартқа сай ҚҚС-ты ескере отырып 1.159.541 мың теңге жалпы сомаға жұмыстарды орындады. Топтың 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1.388.562 мың теңге (2013 жылы: 1.904.359 мың теңге) мөлшерінде берілген аванс қалдығы бар *(6-ескертпе)*. Шарт бойынша 4.658.904 мың теңге мөлшеріндегі жұмыстардың қалған бөлігі тепе-тең ұсталған аванс сомасын шегере отырып құрылыс жұмыстарының аяқталуына қарай өтелуі тиіс. Жекпе-жек сарайының пайдалануға берілуі 2015-2016 жылдары күтілуде.

**Көмірсутектерді барлау және өндіру келісімшарты бойынша міндеттемелер**

Жер қойнауын пайдалану келісімшартының 16-бабында көрсетілгендей Топтың еншілес ұйымы «Аманкелді Газ» ЖШС белгілі бір төлемдерді не болмаса жыл сайын немесе барлау, өндіру және әзірлеу кезеңдерінің ішінде белгілі бір кезеңдерге қол жеткізу шамасына қарай жүзеге асыруға міндетті. Мұндай төлемдерге коммерциялық табу бонусы, роялти және Көмірсутекті барлау және өндіру келісімшартында белгіленген белгілі бір салықтар кіреді. Коммерциялық табу бонусының мөлшері көмірсутектерді анықтаудың коммерциялық тиімді қорларының 0,05% құрайды.

2014-2015 жылдардың ішінде Жер қойнауын пайдалану келісімшарты бойынша ең аз жұмыс бағдарламасына сәйкес «АГ» көмірсутектерді қосымша барлауға 8.4 млрд. теңгені инвестициялау талап етіледі. Мұнай және газ министрлігінің 2013 жылғы 10 желтоқсандағы № 07-04/10579 хатына сәйкес барлау кезеңі 2015 жылғы 12 желтоқсанға дейін ұзартылған.

«Жарқұм» кен орны бойынша Жер қойнауын пайдалану келісімшартының 2014 жылғы 22 қазандағы № 8 толықтыруымен Жарқұм кен орнын 2014-2017 жылдарға 2.8 млрд. теңге сомасына әзірлеуге арналған Жұмыс бағдарламасы бекітілді.

Жер қойнауын пайдалану келісімшартының талаптарына сәйкес «АГ» үшін Үкімет алдында 32.651.840 АҚШ доллары мөлшерінде геологиялық әрі геофизикалық деректерді сатып алу құнымен және мемлекет шеккен бұрғылау жұмыстарының шығындарымен байланысты ұзақ мерзімді міндеттеме белгіленді.

11.412.450 АҚШ доллары мөлшеріндегі төлем, қорлар дәлелденді және коммерциялық өндіру басталды деген талаппен, өндіру басталғаннан 10 жылдың ішінде тоқсан сайын жүзеге асырылуы тиіс. «АГ» кен орны бойынша өндіру 2003 жылы, Жарқұм кен орны бойынша 2014 жылы басталды. Топ «АГ» газ кен орны бойынша тарихи шығындарды төлеуге қатысты міндеттемелерді мойындады. Міндеттемелердің баланстық құны 7% мөлшеріндегі салық салынғанға дейінгі ең аз мөлшерлеме бойынша күтілетін келешек ақша ағындарының дисконтталуымен айқындалады.

21.239.390 АҚШ доллары сомасында тарихи шығындардың қалған бөлігін өтеу кестесі «Солтүстік Үшарал», «Үшарал-Кемпіртөбе» кен орындарында және XXXIV-49,50,51; XXXV-50, «Жарқұм», «Анабай», «Айрақты» мен «Құмырлы» блоктары бойынша газдың коммерциялық табылуы расталғаннан кейін Үкіметпен қосымша талқыланады.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 31. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

**Газды жеткізу бойынша ҚТГ міндеттемелері**

2013 жылдың 31 желтоқсанына Топтың 202.911.522 мың теңге (2013 жылдың 31 желтоқсанына: 115.898.438 мың теңге) сомасында газды өткізу міндеттемелері болды. Газды сатып алу бойынша шарттық міндеттемелердің сомасы 153.947.279 мың теңге (2013 жылғы 31 желтоқсанға: 81.136.802 мың теңге) болды.

«Gazprom Schweiz AG» сатуға арналған келісімшарттарға сәйкес Топ кінәсінен табиғи газдың айлық келісімшарттық көлемі жеткізілмеген жағдайда, Топ жеткізілмей қалған табиғи газ көлемі құнының 0,01% мөлшерінде айыппұлды төлеуге міндетті. 2014 жылғы 31 желтоқсанға Топ басшылығы бұл ережеге қатысты «Gazprom Schweiz AG» алдында қандай да бір міндеттемелер жоқ деп есептейді.

**ҚТГ-Аймақ міндеттемелері**

2014 жылғы 31 желтоқсанға ҚТГ-Аймақтың газды сатып алу бойынша шарттық міндеттемелері 6.533.482 мың теңге (2013 жылғы 31 желтоқсанға: 13.835.673 мың теңге), газды сату бойынша міндеттемелер сомасы 3.747.368 мың теңге (2013 жылғы 31 желтоқсанға: 3.597.823 мың теңге) болды. 2014 жылдың 31 желтоқсанына күрделі сипаттағы және газификациялау қызметтерін сатып алу бойынша ҚТГ-Аймақтың шарттық міндеттемелері 1.580.454 мың теңге (2013 жылдың 31 желтоқсанына: нөл теңге) болды.

## 32. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ

**Қаржы тәуекелдерін басқару мақсаттары мен саясаты**

Топтың негізгі қаржылық міндеттемелеріне пайыздық қарыздар, шығарылған борыштық бағалы қағаздар, сауда және басқа да кредиторлық берешек, және қаржылық кепілдік шарттары кіреді. Мұндай қаржылық міндеттемелердің негізгі мақсаты Топтың операцияларын қаржыландыру және оның қызметін қолдау үшін кепілдіктер беру болып табылады. Топтың оның операциялық қызметінің барысында тікелей туындайтын берілген қарыздары, сауда және басқа да дебиторлық берешегі, ақша қаражаты мен банк салымдары бар.

Топ нарықтық тәуекелге, несиелік тәуекелге және өтімділік тәуекеліне ұшырағыш.

Топ басшылығы мұндай тәуекелдерді басқару процесін бақылайды. Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару департаменті Топ басшылығына қаржы тәуекелдеріне және Топтың қаржы тәуекелдерін басқарудың тиісті тұжырымдамасына қатысты кеңес береді. Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару департаменті Топ басшылығына қаржы тәуекелдеріне байланысты Топ қызметі тиісті саясатқа және рәсімдерге сай жүзеге асырылатындығына көз жеткізуге көмектеседі.

**Нарықтық тәуекел**

Нарықтық тәуекел – қаржы құралы бойынша келешек ақша ағындарының әділ құны нарықтық бағалардың өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелі. Нарықтық бағаға тәуекелдің екі түрі кіреді: пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі және валюталық тәуекел. Нарықтық тәуекелге ұшырағыш қаржы құралдарына қарыздар мен депозиттер кіреді.

Келесі бөлімдердегі сезімталдылық талдауы 2014 және 2013 жылдардың 31 желтоқсанындағы позицияларға жатады.

Сезімталдық талдауы таза берешек сомасы, берешек бойынша құбылмалы пайыздық мөлшерлемелерге тіркелген пайыздық мөлшерлемелердің ара қатынасы, сондай-ақ шетел валютасындағы қаржы құралдарының үлесі тұрақты өлшемдер болып табылады деген жорамалдың негізінде дайындалды.

**Пайыздық мөлшерлемелерге байланысты тәуекел**

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі – қаржы құралы бойынша келешек ақша ағындарының әділ құны нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелі. Нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі, ең алдымен, Топтың құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар борыштық міндеттемелеріне жатады.

Топ саясатында қарыздар бойынша тіркелген және ауыспалы пайыздық мөлшерлемелерді пайдалану арқылы пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелін басқару көзделген.

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 32. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

**Пайыздық мөлшерлемелермен байланысты тәуекел (жалғасы)**

Келесі кестеде Топтың салық салығы салынғанға дейінгі пайдасының/(шығынының) (қарыздар бойынша құбылмалы пайыздық мөлшерлемеге ықпалы арқылы) пайыздық мөлшерлемедегі ықтимал өзгерістерге деген сезімталдығы келтірілген, бұл ретте барлық басқа параметрлер тұрақты өлшемдермен қабылданған. Топтың капиталына әсер ету жоқ.

| *Мың теңгемен* | Базистік тармақтардағы ұлғаю/азаю | Салық салынғанға дейін (шығынға)/ пайдаға әсері |
|---|---|---|
| **2014** | | |
| АҚШ доллары | +2,8 | 21.699 |
| | -2,8 | (21.699) |
| **2013** | | |
| АҚШ доллары | +3,1 | 1.439 |
| | -3,1 | (1.439) |

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне сезімталдықты талдау шеңберінде базалық тармақтардағы өзгерістер туралы жорамалдар осы сәтке байқалатын нарықтық жағдайға негізделеді.

**Валюталық тәуекел**

Валюталық тәуекел – қаржы құралы бойынша келешек ақша ағындарының әділ құны шетел валюталары бағамдарының өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелі. АҚШ долларында көрсетілген қарыздардың едәуір сомалары мен кредиторлық берешектің нәтижесінде Топтың қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есебіне АҚШ долларының теңгеге қатысты айырбас бағамдарындағы өзгерістер айтарлықтай ықпалын тигізе алады. Қаржы-шаруашылық қызмет сондай-ақ шетел валютасындағы мәмілелер бойынша тәуекелге ұшырағыш. Мұндай тәуекел АҚШ долларындағы кірістер бойынша туындайды.

Келесі кестеде Топ пайдасының/(шығынының) салық салынғанға дейінгі АҚШ долларының айырбас бағамындағы ықтимал өзгерістерге (ақша активтері мен міндеттемелерінің әділ құнындағы өзгерістердің салдарынан), барлық басқа өлшемдер тұрақты шама ретінде қабылданған жағдай талабымен сезімталдығы көрсетілген. Топтың капиталына әсер ету жоқ.

| *Мың теңгемен* | Бағамдағы ұлғаюы/кемуі | Салық салынғанға дейін (шығынға)/ пайдаға әсері |
|---|---|---|
| **2014** | | |
| АҚШ доллары | +17,37% | (24.618.229) |
| | -17,37% | 24.618.229 |
| **2013** | | |
| АҚШ доллары | +30% | 5.978.448 |
| | +10% | 1.992.816 |

**Несиелік тәуекел**

Несиелік тәуекел – бұл қаржы құралы бойынша тараптардың бірі міндеттемені орындай алмайтындығының және басқа тарапты қаржылық шығынды көтерткізуге мәжбүрлейтіндігінің тәуекелі. Ол өзінің операциялық қызметінің және кейбір инвестициялық қызмет түрлерінің нәтижесінде несиелік тәуекелге ұшырағыш келеді. Инвестициялық қызметке қатысты болса, Топ қазақстандық банктерде депозиттерді орналастырады *(11 және 12-ескертпе)*. Топ басшылығы төтенше несиелік тәуекелдерді болдырмау мақсатында осы банктердің несие рейтингін мерзімді қарастырады. Топ басшылығы жақындағы халықаралық несиелік дағдарыс пен одан кейін болған жергілікті банктердің несиелік рейтингілерінің өзгерістері төтенше несиелік тәуекелді ақтамайды деп санайды. Тиісінше, банк салымдары бойынша құнсыздану резерві қажет емес.

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 32. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

**Несиелік тәуекел (жалғасы)**

Келесі кестеде «Standard & Poors» және Fitch Ratings агенттіктерінің несие рейтингін қолдана отырып есепті күнге ақша қаражаты мен банк салымдары бойынша сомалар көрсетілген.

| *Мың теңгемен* | Орналасқан жері | 2014 | | 2013 | | 2014 | 2013 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| «Цесна Банк» АҚ | Қазақстан | Standard & Poor's | B+ /тұрақты/B | Standard & Poor's | B+ /тұрақты/B | **19.020.453** | 1.302.562 |
| «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ | Қазақстан | Fitch Ratings | B/ тұрақты | Fitch Ratings | – | **12.855.675** | – |
| «Bank RBK» АҚ | Қазақстан | Standard & Poor's | B-/оң/C | Standard & Poor's | – | **10.382.410** | – |
| «Qazaq Bank» АҚ | Қазақстан | Standard & Poor's | B-/тұрақты/C | Standard & Poor's | B+/теріс | **8.474.544** | 912.517 |
| «Қазақстанның Халық банкі» АҚ | Қазақстан | Standard & Poor's | BB+/тұрақты | Standard & Poor's | BB+/тұрақты | **6.154.597** | 5.468.411 |
| «Темірбанк» АҚ | Қазақстан | Standard & Poor's | B-/ тұрақты | Standard & Poor's | | **2.937.755** | – |
| «Delta Bank» АҚ | Қазақстан | Standard & Poor's | B/ тұрақты | Standard & Poor's | B/ тұрақты | **1.530.611** | 1.098.903 |
| «Альянс Банк» АҚ | Қазақстан | Standard & Poor's | B/тұрақты/B | Standard & Poor's | CCC-теріс | **1.121.076** | 8.781.000 |
| «Банк ЦентКредит» АҚ | Қазақстан | Fitch Ratings | B/тұрақты/B | Fitch Ratings | B+/тұрақты | **1.058.378** | 1.146.440 |
| «Сити Банк Қазақстан» АҚ | Қазақстан | Standard & Poor's | A-1/тұрақты | Standard & Poor's | BBB- | **744.010** | 325.321 |
| «Қазкоммерцбанк» АҚ | Қазақстан | Standard & Poor's | B/тұрақты/C | Standard & Poor's | BC/ тұрақты | **581.270** | 318.094 |
| «RBS» АҚ | Қазақстан | Standard & Poor's | A-/теріс | Standard & Poor's | A-2 | **365.897** | 195.577 |
| «Еуразиялық Банк» АҚ | Қазақстан | Standard & Poor's | B+/оң/B | Standard & Poor's | B+/теріс | **309.661** | 2.798.390 |
| «HSBC Банк Қазақстан» АҚ | Қазақстан | Fitch Ratings | BBB/Тұрақты | Fitch Ratings | BBB/тұрақты/ A-2 | **141.052** | 298.758 |
| «ВТБ Банк» АҚ | Қазақстан | Fitch Ratings | BBB- | Fitch Ratings | | **86.515** | – |
| «Бағалы Қағаздардың Орталық Депозитарийі» АҚ | Қазақстан | Standard & Poor's | A/оң/A | Standard & Poor's | – | **22.224** | – |
| «Altyn Bank» АҚ | Қазақстан | Standard & Poor's | BB+/тұрақты | Standard & Poor's | – | **20.670** | – |
| «Сбербанк России» АҚ | Қазақстан | Fitch Ratings | Ba2/теріс/NP | Fitch Ratings | Ba2/тұрақты/ NP | **11.435** | 144.900 |
| «АТФ Банк» АҚ | Қазақстан | Fitch Ratings | B-/ тұрақты | Fitch Ratings | B-/ тұрақты | **2.350** | 4.677.363 |
| «БТА Банкі» АҚ | Қазақстан | Standard & Poor's | Қайтарылып алынды | Standard & Poor's | Қайтарылып алынды | **1.699** | 4.684 |
| «Каспий Банк» АҚ | Қазақстан | Standard & Poor's | BB-/тұрақты/B | Standard & Poor's | BB-/тұрақты | **1.600** | 31.304 |
| «Альфа Банк» АҚ | Ресей | Standard & Poor's | B/тұрақты/B | Standard & Poor's | B+/ тұрақты | **421** | 853 |
| «Астана Финанс» АҚ | Қазақстан | Баға белгілеуі жоқ | Баға белгілеуі жоқ | Баға белгілеуі жоқ | Баға белгілеуі жоқ | **–** | 50.453 |
| «ING Bank» | Нидерландтар | Standard & Poor's | | Standard & Poor's | A | **–** | 343.472 |
| | | | | | | **65.824.303** | 27.899.002 |

Операциялардың қазіргі деңгейінде басшылық несиелік бақылаудың және өнеркәсіптік тұтынушылар мониторингінің тиісті процедураларын белгіледі деп есептейді, бұл Топқа мойындалған, несие төлеуге қабілетті үшінші тараптармен сауда операцияларын жасауға мүмкіндік береді. Қолдағы дебиторлық берешекке тұрақты мониторинг жасап отырады, соның нәтижесінде үмітсіз берешектің пайда болу тәуекелі елеусіз болып табылады. Несиелік тәуекелдер дербес құнсыздану рәсімінен өтеді. Несиелік тәуекелдердің шоғырлануы негізінен негізгі шоттарға, атап айтқанда халықаралық клиенттерге жатады.

Ақша қаражаты мен олардың баламалары, пайызсыз қарыздар және өзге де дебиторлық берешек кіретін Топтың өзге де қаржы активтері бойынша туындайтын несиелік тәуекелге қатысты Топтың несиелік тәуекелге ұшырағыштығы қарсы агент дефолтының нәтижесінде туындайды, ал тәуекелдің ең көп мөлшері мұндай құралдардың баланстық құнына тең болады.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 32. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

**Несиелік тәуекел (жалғасы)**

Ең көп несиелік тәуекел *8, 10, 11 және 12 ескертпелерде* ашылып көрсетілген баланстық құнмен шектелген. Байланысты тараптардан алынуға жататын пайызсыз қарыздардың баланстық құны қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте ашылып көрсетілген.

**Өтімділік тәуекелі**

Өтімділік тәуекелі – Топтың қаржы құралдарына байланысты міндеттемелерді өтеуге арналған қаражатты алу кезінде қиындықтардың пайда болу тәукелі. Өтімділік тәуекелі оның әділ құнына жақын бағасы бойынша қаржы активін жылдам сату мүмкіндігінің болмауы нәтижесінде пайда болуы мүмкін.

Топ өтімділік қаражатындағы мұқтаждықты үнемі қадағалап отырады және басшылық кез келген болатын міндеттемелерді орындауға жеткілікті болатын көлемде қаражаттың болуын қамтамасыз етеді.

Келесі кестеде 2014 және 2013 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша өтеу бойынша шарттық дисконтталмаған міндеттемелер негізінде өтеуге дейін қалған мерзімдер бөлігіндегі Топтың қаржылық міндеттемелері көрсетілген.

| *Мың теңгемен* | Талап етілгенге дейін | 1 айдан 3 айға дейін | 3 айдан 1 жылға дейін | 1 жылдан 5 жылға дейін | 5 жылдан астам | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2014 жылдың 31 желтоқсанына** | | | | | | |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | – | 323.595 | 1.449.302 | 108.733.160 | – | 110.506.057 |
| Сауда және басқа да кредиторлық берешек | – | 58.112.573 | – | – | – | 58.112.573 |
| Пайыздық қарыздар | – | 85.004.705 | 4.008.121 | 17.118.257 | 28.346.639 | 134.477.722 |
| | – | 143.440.873 | 5.457.423 | 125.851.417 | 28.346.639 | 303.096.352 |

| *Мың теңгемен* | Талап етілгенге дейін | 1 айдан 3 айға дейін | 3 айдан 1 жылға дейін | 1 жылдан 5 жылға дейін | 5 жылдан астам | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2013 жылдың 31 желтоқсанына** | | | | | | |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | – | – | 675.692 | – | 82.527.839 | 83.203.531 |
| Төленуге жататын ұзақ мерзімді вексельдер | – | – | – | 845.493 | – | 845.493 |
| Сауда және басқа да кредиторлық берешек | 25.376.196 | 36.798.146 | 266.049 | 85.849 | – | 62.526.240 |
| Пайыздық қарыздар | – | 15.708.960 | 16.011.760 | 3.104.240 | 4.323.398 | 39.148.358 |
| | 25.376.196 | 52.507.106 | 16.953.501 | 4.035.582 | 86.851.237 | 185.723.622 |

**Капиталды басқару**

Капиталды басқаруға байланысты Топтың негізгі мақсаты тұрақты несие төлеу қабілетін қамтамасыз ету және Топ қызметін жүргізу үшін капиталдың барабар деңгейі мен акционерлердің пайдасын барынша көбейту.

Берешек пен капиталдың балансын оңтайландыру арқылы мүдделі тараптар үшін кірістерді барынша ұлғайта отырып үздіксіз қызмет қағидатын қолдау үшін Топ өз капиталын басқарады. 2013 жылмен салыстырғанда Топтың жалпы стратегиясы өзгеріссіз қалды.

Топ капиталының құрылымы *14 және 15-ескертпелерде* ашылып көрсетілген пайыздық қарыздар мен шығарылған борыштық бағалы қағаздар кіретін берешектен және бұл *13-ескертпеде* ашылып көрсетілгендей жарғылық капитал, қосымша төленген капитал мен бөлінбеген пайда кіретін меншікті капиталдан тұрады.

Топ басшылығы әр жарты жыл сайын капитал құрылымын талдайды. Бұл талдаудың бір бөлігі ретінде басшылық капиталдың құнын және капиталдың әр класымен байланысты тәуекелдерді қарастырады. Топтың 1.5 аспайтын капиталға қарыз қаражаты үлесінің мақсатты коэффициенті бар.

## 32. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

### Капиталды басқару (жалғасы)

Қарыз қаражаты үлесінің капиталға коэффициенті жыл соңына былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | 2014 | 2013 |
|---|---|---|
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 107.772.814 | 83.203.531 |
| Пайыздық қарыздар | 105.335.083 | 39.038.999 |
| **Берешек жиыны** | **213.107.897** | 122.242.530 |
| Капитал | 564.443.209 | 434.635.865 |
| Қарыз қаражаты үлесінің коэффициенті | 0,38 | 0,28 |

### Қаржылық құралдардың әділ құны

Бұдан әрі Топтың барлық қаржы құралдарының баланстық құны мен әділ құны бойынша бөле отырып салыстыру берілген:

| | Ағымдағы құн | | Әділ құны | |
|---|---|---|---|---|
| *Мың теңгемен* | 2014 | 2013 | 2014 | 2013 |
| **Қаржы активтері** | | | | |
| Сауда және өзге де дебиторлық берешек, нетто | **63.033.980** | 47.587.681 | **63.033.980** | 47.587.681 |
| Банктердегі салымдар | **57.038.550** | 17.311.815 | **57.038.550** | 17.311.815 |
| Байланысты тараптарға берілген пайызсыз қарыздар | **25.427.403** | 57.101 | **25.427.403** | 57.101 |
| Пайдалануға шектелген ақша қаражаты | **4.178.146** | 2.557.997 | **4.178.146** | 2.557.641 |
| Ақша қаражаты және олардың баламалары | **4.631.772** | 10.532.914 | **4.631.772** | 10.532.914 |
| **Қаржылық міндеттемелер** | | | | |
| Борыштық міндеттемелер | **(107.772.814)** | (83.203.531) | **(111.187.863)** | (83.203.531) |
| Өзгермелі мөлшерлемесі бар қарыздар | **(76.777.496)** | (4.460.340) | **(76.777.496)** | (4.460.340) |
| Сауда және басқа да кредиторлық берешек | **(58.112.573)** | (41.258.744) | **(58.112.573)** | (41.258.744) |
| Тіркелген мөлшерлемесі бар қарыздар | **(28.630.793)** | (34.508.018) | **(28.630.793)** | (34.508.018) |
| Төленуге жататын ұзақ мерзімді вексельдер | – | 845.493 | – | 845.493 |

### Бағалау және болжау әдістері

Басшылық ақша қаражаты мен қысқа мерзімді банк салымдарының, сауда дебиторлық берешектің, байланысты тараптарға берілген пайызсыз қарыздардың, сауда кредиторлық берешектің, құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар қарыздардың, тіркелген пайыздық мөлшерлемесі бар қарыздардың және басқа да қысқа мерзімді міндеттемелердің әділ құны, ең алдымен, бұл құралдарды өтеудің қысқа мерзімдеріне орай, шамамен олардың баланстық құнына тең екендігін айқындады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылған қаржы активтері мен міндеттемелерінің әділ құны мұндай мәмілені жасағысы келетін тараптардың арасындағы ағымдағы операцияның нәтижесінде мәжбүрлі сатудан немесе таратудан басқа, құралға айырбасталуы мүмкін соманы білдіреді.

Байланысты тараптардың ұзақ мерзімді қарыздары мен қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелердің әділ құны эмитенттің есепті кезең соңындағы жағдай бойынша қарызға алынған капиталына пайыз мөлшерлемесін көрсететін дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып дисконтталған ақша ағындары әдісінің көмегімен айқындалады.

Тіркелген мөлшерлемесі бар қарыздардың әділ құны қалыптасқан пайыздық мөлшерлемелер бойынша ақша қаражатының күтілетін болашақтағы ағындарын дисконттау арқылы есептелген.

## 32. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

**Бағалау үшін едәуір қадағаланбайтын бастапқы деректердің сипаттамасы**

Топ қолдағы байланысты тараптардан болған барлық қарыздарды 3-деңгейде жіктеді, оларда иерархияның ең төмен деңгейіне жататын бастапқы деректердің әділ құнын бағалау үшін елеулі болатын бағалау модельдері нарықта қадағаланатын болып табылмайды. 3-деңгейге келетін міндеттемелердің әділ құнын бағалау үшін Топ қарыз берген байланысты тараптың алдында міндеттемелерді орындамау тәуекелі үшін бақыланбайтын дисконттау мөлшерлемесін пайдаланды. Бұл дисконттау мөлшерлемелерінің +1%/-1% өзгеруі бұл міндеттемелердің әділ құнының (553.912)/599.790 мың теңгеге өзгеруіне әкеп соқтырады.

## 33. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

2015 жылғы 6 ақпанда, Топты қайта ұйымдастыру жоспарының шеңберінде «ҚазТрансГаз-Алматы» ЖШС заңды тұлға мемлекеттік тіркеуге алынды *(2-ескертпе)*.